АҚМЕШІТ жастары

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 28 (513)
13 шілде, 2023 жыл

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

IT: ҚЫЗЫЛОРДАДА ӘЛЕМДІК УНИВЕРСИТЕТ ФИЛИАЛЫ АШЫЛМАҚ

Сыр өңірінде білім беру ісі жаңа деңгейге көтерілді. Оған Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университеті (СеулТех) мен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті арасындағы ынтымақтастық қадамы себеп болуда. Жуырда қос оқу орны «Халықаралық ынтымақтастық бойынша жетекші университеттік» (LUPIC) жоба қолға алып, қызылордалық жастардың сапалы білім алуына жол ашпақ.

Жобаның басты жемісі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде жасанды интеллект мектебінің құрылуы. Сарапшылар сөзінше, бұл қадам университет құрылымының сапалық көрсеткішін арттырып, заманауи мамандықты өрістетуге мүмкіндік бермек. Мұнда жасанды интеллект (AI), киберқауіпсіздік (CS) және информатика (CS) мамандары даярланып, Қазақстандағы IT бағытын дамытуға сеп болмақ.

Жалпы, жағымды жаңалықтың жүзеге асуы көптен күткен іс еді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанда жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалын ашу туралы тапсырмасы салаға серпін берген. Ал осы жылдың мамыр айында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университетінің президенті Ли Донг Хун мырзамен кездесуде оқу орнының филиалын ашу туралы ұсыныс тастаған. Облыс әкімі өңірде осы жобаны табысты іске асыруға жан-жақты қолдау көрсетілетінін, білім алушыларға жыл сайын облыс әкімдігі, сондай-ақ Ғылым және жоғары білім министрлігі гранттар беретінін айтты. Мұнан бөлек, Қызылорда облысының даму бағдарламасының бюджетіне кампус пен технопарк құрылысын енгізу жоспарда барын жеткізген.

Осылайша, бірнеше айға созылған бақылау мен келіссөздер нәтижесінде өзгеріс орын алды. Сала басшылары Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университетінің (СеулТех) филиалын ашу ісі бел шеше кірісіп, екіжақты сапар ұйымдастырды.

Мысалы, Сыр өңіріне СеулТех университетінің делегациясы жұмыс сапарымен келіп, өзара әріптестік мәселесін талқылады.

Профессор және директор Часу Ким мен орынбасары Сунггон Ким бастаған LUPIC жобасының өкілдері жемісті жұмыс жүргізді. Қонақтар университеттің зертханалық әлеуетін зерттеп, нақты ұсыныстарын жеткізді. Сондай-ақ бизнес-инкубация орталығын құруға қатысты жоспарды талқылауға мүмкіндік туды. Демек, жуырда әлемдік жетекші университеттің түлектері қатарына Сыр жастары енетін күн алыс емес.

Р.МАҚСҰТ

«МАҚСАТЫМ МАНСАП ҚУАЛАУ ЕМЕС»

– Кіл таланттының ішінде топ жару оңай емес. Десе де бәйгеде басып озамын деген ішкі сенім болды ма?

– «Тұмарды» журналистердің «алтын добы» деп атап һәм «Оскар» сыйлығымен тең көреді. Сондықтан төгілген тер мен еткен еңбек таразыға түскенде басіміздің биік болғаны қуантты. Сарептама сараланып, зерттеу зерделенетін бәйгеде озық боламыз деген ой да, сенім де болды. Байқауда өткен жылдың қазан айында түсірген» арнайы репортаж «АЭС ақиқаты» үздік деп танылды. Бұл шығарылымда қордаланған мәселені көтеріп, «АЭС бізге керек пе?», «Ол қауіпсіз бе?», «Чернобыльдің тағдырын қайталамай ма?», бұдан бөлек «Оны кім, қайда салады?» сынды сан сауалға жауап іздедік. Сарапшылар мен мемлекеттік органдардың ойын, тіпті ауыл тұрғындарының пікірін біліп қайттық. Қысқасы осы арнайы репортажды түсіруге 1 ай көлемінде уақыт кетті. 3 өңірге бардық. Тілшілермен бірге оператор, режиссер секілді 10-нан аса маман әр жерді аралап, зерттеу жасап, хабардың сәтті шығуы үшін жұмыла кіристі. Жұмыс көрермендер тарапынан жоғары бағаланып, өз уақытында қолдау тапты. АЭС-тың төңірегінде өрбіген сұрақ, туындаған түйткілді қаузап, қалың қауымға шынайы ақпарат беру – басты миссиямыз болды. Байқауда бұйырған жүлде – ортақ еңбектің жемісі деп білемін.

– Облыстық телеарнадағы тәжірибе бір белеске шығарды. Жалпы, «Хабар 24» арнасындағы қызметіңізге қанша уақыт болды?

– Иә, тәжірибе мен тартынбас табандылық адамның ұмтылысын ұсақтамайтыны анық. Аймақтық телеарнада қабілетімді шыңдай түстім. Ал «Хабар 24» арнасындағы қызметіме 1 жыл болды. Осы уақыт ішінде көптеген арнайы репортаж, жаңалыққа сюжет дайындап, тікелей қосылымдарға шықтым. Жалпы аталған арна жас журналистерге зор мүмкіндік береді. Сондықтан қызметімнің осында жалғасқанына қуанамын.

– «Репортаж – оқиғаның өзі». Оперативтілік пен толымды зерттеу болмаса жұмыстың шикілігі байқалады. Аталған жанрға бейім болуыңызға не себеп?

– Журналистика – әмбебап мамандық. Сондықтан кез келген журналист, қолына қалам ұстаған маман жанрды жыға танып, қабілетті болу керек. Репортаждың құрылымын біліп, оқиғаны сол мезетте баяндаудың әдіс-тәсілін меңгеру қажет. Шиеленіс пен шешім, қорытынды мен түйінді тыс қалдырмай, көрермен талғамын ескеру негізгі талап. Өзіме жаңалықтарға сюжет дайындағаннан гөрі журналистік зерттеу жүргізген ұнайды. Бір сәтте жеделдік пен сапаға көңіл бөліп, дайекті дерекке жүгінген жөн.

– Әр хабарыңыз тапқыр тақырыбы, мәнді мазмұнымен ерекше. Осы орайда өзіңізге ерекше ұнаған репортаж қайсы?

– Көрермен жаңалықты, оның мазмұнын түрліше бағалайды. Сол себепті әр шығарылымның нақты фактіге құрылуын назарға алып, таңдаған тақырып төңірегінде терең талдау жасауға тырысамын. Жоғарыда атап өткен «АЭС ақиқаты» және Жаңаөзендегі мұнайшылар мәселесін қозғаған «Қалың қалай, мұнайшы?» атты арнайы репортаждар өзіме ыстық. Сондай-ақ, маған ұнаған тағы бір шығарылым құғын-сүргінге байланысты түсірілген «Алжир – азап аралы». Израильдегі тілшілерге сұраныс жасап, Қарағандыдағы «Алжир» түрмесінде ең алғаш туған сәбиді тауып алып, одан бөлек тарихшылармен тілдестік. Бұрын сонды айтылмаған деректерді ортаға салдық. Бұл сәтті жұмыс үшін де режиссерлер оқиға орнына барып түсіріп, керемет дүние жасалды. Монтажына дейін ерекше болды. Қызық пен шыжықтың ортасында жүріп жасағаның өнімді болса көрермен көкейіне ой салғанымыз.

– Салада үздік аталып, жүлдеге ие болдыңыз. Енді алдағы уақытқа жүйелеген жоспар мен мақсат қандай?

– «Тұмар» – баптың ғана емес, бақтың да рөл атқаратын байқауы. Жаза білетін талант, дара жолы қалыптасқан дарынды көп. Сондықтан еңбек еленіп, жүлдені еншілеуім бағымның жанғаны деп есептеймін. Басты мақсатым – көрермен мен оқырманға обьективті, шынайы ақпаратты жеткізу. Ал қызмет, жүлде, лауазым оның бәрі екінші орында. Өйткені мамандыққа адалдық алға жетелейтіні анық.

Сұхбаттасқан
Замира ДАСТАНҚЫЗЫ

ЖЕРДЕН НЕСІБЕСІН ЖИҒАН ЖАСТАР

Егін науқаны қызу жүріп жатыр. Бұл жұмыстың бейнетін басында жүрген адам ғана жақсы түсінеді. Жасыратыны жоқ, егін егуге жастар жағы көп бара бермейді. Себебі ол тәзім мен шыдамды қатты қажет етеді. Оның үстіне Қызылорданың аптап ыстығына төтеп берудің өзі оңай емес. Сондай-ақ жер жырту, арықтау, дақыл себу, арам шөп жұлу бар. Өнім піскен соң оны үлгертіп алу өз алдына. Ал жастар мұны жете түсінген. Жақында әлеуметтік желіден диқаншылыққа бір табан жақын жалағаштық жастарды байқадық.

– Жыл басында облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, аудан бойынша азық-түлік бағаларын тұрақтандыру мақсатында картоп, бақша дақылдарын орналастыруға шаруашылықтардың демеушілігімен жаңадан 435 гектар жер дайындалған болатын. Қазіргі таңда 412,5 гектар жерге өнім егілді. Бұл жерлерде 869 адам егінмен айналысуда. Мұның игілігін аудан жастары да көруде, – дейді Жалағаш аудандық «Жастар ресурстық орталығының» директоры Нұржан Амандық.

Жаңадария ауданының тумасы Нартай, Мақпалкөл ауылында тұратын Айдар есімді жігіттер қазіргі таңда шаруашылық басында таң атырып, кеш батырып жүр. Көзін аша сала тырма мен кетпенді серік етеді. Кебінесе егістік жақта байланыс ұсамайды. Бұл жігіттер де байланыс аясынан үнемі тыс жерде жүреді. Есесіне уақыт босқа өтпейді.

– Егін егу оңай емес. Бізден қаншама күш кетті. Бәріне қолды бір сілтеп, тастап кетіп қалғымыз келді. Дегенмен ата-анамыздың сенімін ақтау керек. Міне, бүгінде біршама ауыр жұмысты артта қалдырдық.

Осыншама еңбекпен келген өнімді үлгертеміз деген ойдамын. Шаруашылық жұмысы бір-екі адамға өнбейді. Оны басы-қасында жүрген адам жақсы түсінеді. Сондықтан бізге көмектесетін, қолғабыс ететін адамдар жетерлік. Қара қауын, сары қауын, әміре, әңгелек, қарбыз, сәбіз, қызылша, асқабақ ектік. Өнімдерді ауданға, кейде облысқа жөнелтеміз, – дейді Нартай Пірманов.

Қазір егін пісіп жатыр. Қанша қауынның ішінен «осы пісті» деп таңдап алудағы сезім бөлек диқаншы үшін. Ал еңбекпен келген өнімді сүйсініп жеудің өзі ерекше сезім екені сөзсіз. Оған ата-ананың «баламның еңбегі» деген мақтау сөзін қосыңыз!

Мөлдір САБЫРЖАН

2 бетте
КЕНЕДЕН КЕЛЕР ҚАУІП КӨП

4 бетте
УАҚЫТ ДЕМІН АШҚАН КІТАП

7 бетте
ЖАЛАУ ЖЫҚПАҒАН ЖЕРЛЕСТЕР

ЕЛ БОЛАМЫН ДЕСЕН...

Бала тәрбиесі – сәби жарық дүниеге келмей тұрып қолға алынуы қажет дүние. Бүгінде шаңырақ көтерген екі жас, ертеңгі күнгі әке мен ана екенін, тұтас бір елдің бір бөлшегі екенін сұңғыла санасымен сезіне білуі тиіс. Рухани тұрғыдан білім алып, бала деген жұмыр жүректің ертеңгі ел болашағы екеніне көз жеткізу – жарқын күндердің бір есігін ашқанмен пара-пар. Әңгімемізге арқау болған тақырыптың қаншалықты өзекті екені біз атап айтпасақ та белгісі. Десек те, ұрпақ алдында маңызын жоғалтпайтын осынау мәселелердің бір тармағын болсын тарқатып, саралау – келешек дамуына қосқан бір үлесіміз деп білемін.

Әңгіменің өзегі – жастар. Кез келген тұлғаның саналы болып қалыптасуы құрсақтан бастау алады. Ата-ана тәрбиесімен жалғасып, ұстаз тағылымымен толығады. Бүгінде республикалық балалар журналында қызмет етудемін. Дарынды, талабы таудай жастарды ақпарат бетіне жариялап, оларға қолдау көрсетуден жалықпаймыз. Ата-ана мен өз ортасынан қолдау тапқан оқушылар, әрине, шабыттанады, дүбірлі бәсекеге түсуден тартынбайды. Осы қарқынды жоғалтпаса, олардың болашақта да жеңіс тұғырынан көріне берері даусыз.
Бірақ қоғам қай уақытта да идеал емес. Топ ортасында еленбейтін, алдына мақсат қоя білмейтін, қоғам ортасында көш бастауға қабілетсіз жастар да өмір сүруде. Сәби шағынан қолдау көрмей, ілгері күнге қадам басуға бағдар таппай жүрген жас ұрпақтың ертеңгі күні кімді мазалауда? Бүгінде жастар арасындағы суицидтің көбеюі неден туындайды? Танды таңға жалғап, құмар ойынға бас ұрған жастардың ертеңгі күні ұрлық жасамасына, ішкілікке салынып кетпеуіне кім кепіл береді?

Біздің әлем – ақпарат әлемі. Күніне келіп жатқан миллиондаған ақпараттың аражігін ажырата білумен қатар, өз саласының білікті мамандарынан кеңес алу қажет. Қоғамда қаптаған гаджеттердің зияны көп екенін біле тұра, біз өзімізді шектей алмаймыз. Шамадан тыс қолдану жүкті әйелдің ішіндегі балаға да зиян екенін ғалымдар дабыл қаға ескертуде. Бүгінгі жас ана біз тыңдап өскен бесік жырын ұялы телефон арқылы тыңдатуда. Шамадан тыс пайдаланудың ақыры бесіктен белі шықпай жатқан баланың аутизмге ұшырауына әкеп соғып та жатыр. Балаға қажетсіз жерде тиым салып, шектеу қажет ситуацияларда еркіндік беру санасына кері әсер тигізеді. Көптеген ата-ана бала құлақпен емес, көзбен тәрбие алатынын ұмытып, тек ақыл айтумен шектелуде. Тәй-тәй басып, санасы қалыптаса бастаған әр саби, ақпараттың барлығын көзбен қабылдап, ақ парақтай санасына сіңіре бастайды. «Бұлай жасама, олай айтпа, ол жаққа барма» деген сансыз шектеулерден жалыққан баланың бойында, әрине, жасықтық пайда бола бастайды. Өзінің ойын еркін, толық жеткізе алмай іштей тұйықталады. Отбасынан шаттық, қолдау таппаған ұл ермек іздей бастаса, әке тарапынан жылулық көрмеген қырмызы қыздар қамқорлықты сырттан іздейді. Мұның салдары ішімдік, есірткіге тәуелді жасөспірімдердің санының артуы мен кәмелеттік жасқа толмай ересек өмірге қадам басқан қаракөздердің түсік тастауына, одан қалды «көкек ана» атануына әкеледі.

Білікті психологтар жас балалар инспекторларымен сұхбаттасу барысында бүгінгі күнгі проблемалардың шығуы үйдегі тәрбиеден бастау алатынын тағы бір нықтайды. Ата-аналардың жұмыс бастылық салдарынан туындаған агрессивті эмоцияларын балаға шектен тыс көрсетуінің, әке мене шеше арасында түсініспеушіліктердің жаңұяға қаншалықты кері әсер ететіне мән бере бермейтінін, көңіл аудармай қараған осы бір кішкене мәселелердің ертеңгі салдарын ескермейтінін айтуда. Мамандар бұл тұрғыда бүгінгі бала тәрбиесі дұрыс жүйеге түспеуіне байланысты өз альтернативаларын ұсынады.
– Гаджетсіз демалыс. Бүгінде отбасылық демалыс өткіземіз деп саяхат жасаған ата-ананың басым көңілі балаға түспейді. Сондықтан,арнаулы демалысты қосымша байланыс құралдарынсыз өткізу керек.

–Тәрбиені практикалық тұрғыда көрсету. Ата-аналар мектепке дейінгі балаларды білім алсын деп қосымша сабақтарға берумен шектелуде. Алайда баламен тығыз қарым-қатынас орнау тиіс. Тәрбиелік мәні бар амал-әрекеттерді баламен бірге жасау түпкі санаға ізгіліктің дәнін себу деген сөз. Әлемнің екінші ұстазы әл-Фараби айтқандай: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Ұлы сөздің астарына бойласақ, терең мағына жатқандай. Мысалы, осы уақытқа дейін әлемдік деңгейдегі білімді адамдардан жер бетіне айтарлықтай зиян келді. Гитлердің жасаған зұлымдығы миллиондаған адамның өмірін ойран етті. Пабло Эскобардың жасаған қиянаты салдарынан күні бүгінге дейін ол мемлекет аса қауіпті. Білімділігін кері бағытта қолданбас үшін, «баланы жастан» деген түсінікті санаға сіңіре отырып, тәрбиені күшейту қажет.

– Бүгінгі күнгі қоғамның тағы да бір шешілмей келе жатқан мәселесі – суицид. Бұл мәселе төңірегінде жасалып жатқан жұмыстардың нәтижесі көңіл көншітерліктей емес. Себебі, оқушылармен жүргізіліп жатқан профилактикалық шаралар, құр ауыздан шыққан ескертулер айтылған жерде қалуда.

– Жас ұрпақ тәрбиесінде ескерілмей келе жатқан кезекті мәселе – қаржылық сауатсыздық. Қазіргі таңда халықтың қарызы тым көп десек, қателеспейміз. Қымбатшылық пен бәсекелестік өршіп тұрған заманда қаржылай сауатты болудың орны тым бөлек. Бүгінгі күні, жетіспеушілік салдарынан психологиялық тұрғыдан әлсіз болып қалыптасып, ақша табудың жеңіл жолын іздеп кететіндердің қарасы аз емес. Оңай ақшамен бәрін шешемін деп, тапқанын құмар ойындарының қоржынына салып жүргендер бар. Қарызға белшесінен батып, ақша таппай жүйкесі жұқарып, одан қалды ата-анасын зар еңіретіп, олардың айқайынан шаршап, түбінде өз-өзіне қол жұмсап тынып жатқан тағдыр иелері де жоқ емес. «Алмақтың да салмағы бар екенін» кез келгенұрпақ сезіну керек.

– Жас талаптың алдына айқын қадам қоюы – үлкен бір жетістік. Бүгінде қанатын қатайтып, келешекке қадам басқан балалардың арман-мақсатына ата-ана кей жағдайларда атүсті қарауда. Билікті, министр, депутат, әкімдерді идеал қылып көрсетумен тым биікке ұмтылдыруда. Бірақ, барлық адам билікте қызмет етсе, қоғамды кім қалыптастырады? «Қолымнан көтере алмайтын шоқпарды беліңе байлама» деген философияға үңілсек, әр жасты шама-шарқына қарай белгілі маман ретінде қалыптастырып, қоғамға қажетті технократтарды, өнеркәсіп саласында еңбек етер үздіктерді бүгіннен бастап дайындауымыз қажет.

Тоқсан ауыз сөзді түйіндей келсек, ата-ана бала тәрбиесіне жауапкершіліпкен қарап, саналы түрде бағыт беруі қажет. Белгілі мамандармен жұмыс жасап, ұмыт болып бара жатқан қазақы тәрбиені еске түсіре отырып, қай уақытта болмасын балаға ата-ана тарапынан қолдау қажет екенін ұмытпауы тиіс. Қоғамның басты дертіне айналған жоғарыдағы мәселелердің шешімін табуға жұмыла кірісіп, әр адам тәрбиені өзінен бастасса, көп ұзамай нәтижеге жетеріміз анық.

Абзал ӨМІРАЛИЕВ

КЕНЕДЕН КЕЛЕР ҚАУІП КӨП

Жер-ана түгел түлеп, тіршілік жанданатын мезгілде жәндіктер де жанды жерге тие бастайды. Әсіресе қорегін қаннан тапқан кене адамға кесел, малға кесір боп жабысады. Тілі жоқ төрт түліктің кенеден көрген теперішін көзінен-ақ байқауға болады. Құжынаған жәндік малдың құтын қашырып, шаруаның да берекесін алды. Бүгінде көбі кенеден құтылудың жолын іздеп әлек. Әйткені Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының сойқанды салдары бірін ажал апанына тастаса, мал жанын да мең-зең күйге ұшыратып тұр. Жеміне дейін баптап беретін қожайындар төрт түлігінің дәрменсіз халін көріп дал болуда. Қорадағы малынан көз жазып қалатын ұрлықты айтпағанда, көз алдында жанары жөутіндеп өлгенін көру кімге оңай дейсіз? Ал кенеден көз жұмған адам саны күресті күшейту керектігін көрсетті. Жүйкені жүндей түткен жайттан соң шыр-пыр болып шырқырағандар көп. Себілген удың сапасына сын тағып, әсерсіз екенін де жарыса жазуда. Жоқ, бұл әсірелеу емес! Шынында солай. Әйтпесе кенеге төтеп бере алсақ, көрсеткіш күрт көбеймес еді. Адам мен мал жанын сақтауда салғырттық танытпаған дәзім.

Сала басшылығы тиісті жұмыстардың жүргізілгендігі жөнінде түсіндіруде. Десе де ерте қамданбағанына қамыққан жұрт қауіптің сейілеріне күмәнмен қарайды. Қазақ үшін киелі жануарды титімдей жәндіктің талағаны жайында хабарлар күн сайын таралуда. Бұған бөгет болар жол қайсы? Ауыз толтырып айтқан жұмыстың нәтижесі қане?

– Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына қолайсыз деп танылған «Креолин Х» ерітіндісі қолданылуда. Облыс бойынша көктемгі залалсыздандыру жұмыстарының орташа тиімділік көрсеткіші 97,2 пайызды құрады, – деді Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Жұмылдыру және шұғыл жұмыстар орталығы» КММ директорының міндетін атқарушы Бауыржан Садықов.

– Биыл залалсыздандыру жұмыстарына жұмсалатын препараттар көлемін жоспарға 106 елді мекен анықталды. Жыл сайын облыстық бюджет есебінен тиісті қаражат бөлінік келеді. Биыл да кенеге қарсы күрес шаралары жоспарға сәйкес орындалуда. Қазіргі таңда қолайсыз елді мекендердегі тұрғын үй аумақтары мен мал қораларына кенеге қарсы сәйкес алдыр-тып, кезең-кезеңімен аудандарға жөнелтіп жатырмыз. Жалпы қолайсыз елді мекендерде 556 мың мал басы бар. Оның 117 мыңына арнайы препарат егіліп, қауіпті ауруға қарсы залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді. Бүгінде ауру ошақтары анықталған елді мекендер қатаң бақылауда, – деді облыстық ветеринария басқармасы басшысының орынбасары Өнуарбек Дәрмағамбетов.

Өлуге шақ қалған малды иесі әупірімдеп жүріп аурудан азат етуде. Ерітіндінің емес, екпенің көмегімен. Себі-летін уды місе тұтып яки «күрес қалай жалғасады?» деп қолқусырып отырса малдың қырылып тынатынын біледі. «Түйені жел шайқаса, ешкіні көктен ізде» деген. Кененің кеселі адам өмірін жалмағанда, мал жанына да тыныштық бермейтіні ақиқат. Сөздің ашығы, іс насырға шапқаннан кейін тыпыршымас үшін уақытында қозғалған жөн.

– Бүгінде облыста Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына күдікті 29 науқас тіркелді. Оның ішінде 10 жағдай нақтыланып, өкінішке қарай 3 адам қаза тапты. Қазіргі сәтте қолайсыз деп танылған елді мекендерден бөлек, басқа аумақтарда да қауіпті аурудың алдын алу шаралары тұрақты түрде жүргізілуде. Адамның ауруды жұқтыруы кене шаққан жағдайларда және қанында вирусы бар жануарларды сою кезінде, сондай-ақ науқас адамға күтім жасау кезінде немесе мәйіттің қанымен, ластанған медициналық құралдар арқылы да жұғуы мүмкін. Сондықтан облыс тұрғындарын барынша сақтануға шақырамыз, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Шайымбетов.

Иә, жұрт жанын жегідей жеген мұнды жасырмай айтқанда, басшылықтың дабыл қаққаны орынды. Себебі бәрі даурыққаннан емес, алаңдағаннан күйіп-пісіп отыр. Қайткен күнде де «қап» деп қапы қалып, «әттеген-ай» дейтін өкініш болмау керек. Ауру белгісін байқағаннан кейін өз бетімен әрекет етпей, дер кезінде дәрігерге қаралу да маңызды. Тіпті таңып алатын жарағa да ақ халаттылардың кеңесі әбден қажет. Әйтпесе бейқамдықтың соңы сан соқтырады. Кене кеселімен ойнамау керектігі айтпаса да түсінікті шығар.

– Жалпы біздің өңір Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының табиғи ошағында орналасқан. Сол себепті қала және барлық ауданда кенеге қарсы көктемгі жұмыстар 2 кезеңмен жүргізілуде. Өздеріңіз білетіндей, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы өте қауіпті аурулардың біріне жатады. Аталмыш аурудың ең алғашқы белгілері: адамның басы айналады, жүрегі айниды, дене температурасы көтеріледі, әлсіздік пайда болады, іші ауырады. Егер адам өзінен осындай белгілерді байқаса міндетті түрде медициналық көмекке жүгінуі керек. Сондай-ақ, жаз мезгілінде табиғат аясына шыққанда және далалық жерлерде кенеден сақтанып, үй аумағында тазалық жұмыстарын жиі жүргізіп тұрған абзал, – деді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова.

– Көк шықса кенемен алыса бастаймыз. Шаруашылықтың жұмысынан шашау шығармай жүргенде, кенеттен келетін кесір аяққа тұсау салады. Күнкеріс көзі мал болғандықтан жылдап баптаған еңбегіміздің еш кеткенін қаламаймыз ғой. Тіпті кейде көбейгені соншалық сырт киімімізге дейін жабысып, үйге кіреді. Ол өзімізге қауіп төнеді деген сөз. Сондықтан үйге кіріп-шыққан сайын қағып-сілкіп жүреміз. Негізі жалаң сөзге жан бермей, іске көшу қажет тәрізді. Залалсыздандыру, улау жұмысы айтылған кезеңімен жүзеге асы жанымызды шуберекке түйіп отырмас едік, – дейді ауыл тұрғыны Марат.

Түйіндей келе, кененің көптігі күн тәртібіндегі маңызды мәселеге айналды. Адам өміріне байланысты болғандықтан алаңдамасқа болмайды. Кене денеге дендеп, дегбірі қашқан науқастың қорқынышын басатын дәрігер. Олай болса ақ халаттылар жұмысы ақсаңдамаса игі. Сосын жауапты сала мамандары мал жанына да мойын бұрып қараса жақсы болар еді.

Нәзік АХМЕТ

КИЕЛІ ОРЫНДАРДЫҢ КЕРЕМЕТІ

Жуырда облыстық орман, аң және балық шаруашылығы саласының ардагерлері Қармақшы ауданына арнайы бардық. Сапарда алдымен «Марал ишан» мазарына барып, одан соң «Қорқыт ата» кесенесіне ат басын бұрдық. Киелі қос мекенге жасаған сапарымызда бабалар тарихынан азды-көпті сыр шертіп, құран бағыштағанбыз.

Қазақта үш жүзге пір болған Мүсірәлі сопы Әзизден кейінгі діни қайраткер ретінде Марал ишанның аты белгілі. Сыр өңірі, қазақ руханиятында Марал Құрманұлының орны ерекше екені сөзсіз. Аудан орталығынан шығысқа қарай 18 шақырым жерде орналасқан кесене жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіш. Марал ишан – Кенесары Қасымұлының туған нағашысы. Оның кейбір оқиғаларды алдын ала болжап, айтып отыратын көріпкелдігі болған. Әкесі батыр Құрман Кенжебайұлы Абылай ханның емшісі ретінде елге танылған деседі.

Сапарда қорым басынан бірінші көргеніміз түнеухана еді. Оның салыну тарихы да ерекше. Марал бабаның мазарын екі мыңыншы жылдар басында халық ақша жинап, кірпішпен қаптамақшы болған. Бірақ құрылыс бітіп, бір тылсымның әсерінен тарыдай шашылып кеткен. «Аруақ қарсы болған» дейді жергілікті халық. Басында көне бір бөлмелі сарай болған, кейіннен қосымша бөлме қосылған. Шырақшының жеке бөлмесі де сонда орналасқан.

– Марал баба 1780 жылы Әулиекөлде дүниеге келген. Ол Кенжебай атты батырдың Құрман есімді ұлынан тарайды. Әкесі Құрман Абылай ханның ақылшысы әрі емшісі болған. Анасы Бибіпатыма – қалмақ ханы Қалдан Цереннің екінші қызы. Марал ишан 1841 жылы қайтқан, сүйегі Сырда жатыр. Өмір сүрген уақытында Қостанай төңірегінен жеті мешіт, Сыр жерінде 14 мешіт ашып, дінді уағыздап, иман нұрын шашқан тұлға ретінде дәріптеледі, – дейді, баба шырақшысы Бекболат Молдашұлы.

Шырақшының сөздері тарихқа негіз бола алады. Олай дейтініміз, әкесі Құрман Маралдың екі жасында қайтыс болған. Марал ишан діни сауатты ғана емес, емшілік қасиеті бар тәуіп те болған. Бабаның дүние салған жері өзі туып-өскен Қостанайдағы «Маралдың шілігі» деген жерде. Енді сүйегі неге Сыр бойында десек, ишанға осы Қармақшы жерінен дарияның үстімен аттың шашасы ғана су болып өтіпті дейді. Дариядан өткенде алдыңнан ақ түйе көрінеді. Соның бірінші шөккен жері бабаның мәңгілік жатар жерің деген аңыз бар.

Шырақшы Бекболат сөз арасында Марал ишанның Қостанайда қайтыс болып, түйемен алты қонып, осында жерленгенін де айтып кетті. Түйенің алты қонып, келген жерінде «Түйе шөккен», «Қайыңды тоғай» деген жер атаулары кездеседі. Өзі анасының аманатын орындап, туған жеріне келіп, ағайынын жинап, дүниеге сапар шегемін. Сол кезде ақ жуып, арулап, оң жаққа қойған соң бір ақ түйе келер. Мені сол түйеге артындар, Қамырдың қорымына сол түйе апарады» деген көрінеді.

«Мен үш күннен соң о

Маралдың анасы да көріпкелдік ерекшелігімен елге танылған тұлға. Көріпкелдік әулиелігі анасынан дарыды ма деген ой туындайды. Ол дүниеге келерде ұшып жүрген жабайы адал құстың етіне жерік болған. Маралдың атасы Кенжебек Қыдырды үш рет көріп, өзі де оған тәнті болған. Әжесі де – атақты тәуіп. Абылай ханды шөптен дәрі жасап, ауыр науқасынан жазып, екі аяғынан тұрғызып жіберді деген де әңгіме бар. Әкесі Құрман да батыр, тәуіп, сыныққышылығымен елге танылып, Абылайдың қолдауымен қатарға қосылғаны белгілі. Осындай ортада туып, ер жеткен Маралдың елден ерекше әулиелігі талайды таңғалдырады.

Сапар барысында Марал бабаның тарихына терең үңіліп, өткенге біраз көз жүгірттік. Ақтара берсең тағылымға толы тарихқа қанық боласың. Түс ауған тұста баба рухына құран бағыштап, «Қорқыт ата» кесенесіне ат басын бұрдық.

Сырға тұнған Сырдың бойы – тарихи орын мен ескерткішке бай мекен. Ал олардың ішінде түркілердің бәріне ортақ тарихи тұлға, кемеңгер ойшыл, данағай абыз Қорқыт бабаның мемориалдық кешенінің бітімі бөлек, тағылымы терең деуге болады.

Күллі түркі жұрты кие тұтқан «Қорқыт ата» кешені – тағзым ететін қасиетті орын. Күрделі сәулеттік өнер туындысымен де әлемге танымал. Ерекше сәулетімен алыстан менмұндалап тұратын баба кесенесі рухани дүниенің есігі іспетті. Қобыздың үні сарнаған бұл орын адамзатқа күйбең тірліктің шеңберінен шығуды, әрбір сәттің құнды екенін бағалай білуді еске салады. «Қорқыттың есімі қобыздың ішегінде, халықтың жүрегінде» деген Мұхтар Әуезов бабаның қылқобызының үні шыққанда барша қазақ баласының қиялында тарихи танымы қылаң беріп, санасы сазды сарынға бөлегенін айтып тұрғандай. «Қорқыт ата» мемориалдық кешенінің тарихи сызбасы керемет жасалған. Жоғарыдан қарағанда кешен Қорқыт атаның қобызын бейнелейді.

Бүгінгі таңда музей қорында 3000-ға жуық экспонат сақталған. Жыл сайын музей қызметкерлері мәдениет пен тарих үшін құнды жәдігерлер жинақтап, музей қорын толықтыру бағытында жұмыс атқарып келеді. Сонымен қатар, археологиялық қазба жұмыстарына қатысып, келушілерді кешенмен таныстырып, жыл сайын жоспарлы түрде мәдени-ағарту шараға ерекше үлес қосып жүр.

Сапар соңында тағылымға толы тарихы бай мағлұматтармен таныс болдық. Алған әсер ерекше.

Сақтаған ЕШМАХАНОВ, облыстық орман, аң және балық шаруашылығы саласы ардагерлері бастауыш ұйымының төрағасы

ОҚУЛЫҚТАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚ ҚАЙТСЕ ТҮЗЕЛМЕК?

Тарих – өткен мен бүгінді сабақтайтын ғасыр куәсі. Сондықтан өмір шежіресінен шет кетпей, оны түсіну маңызды. Ел тарихынан бейхабар болу ұлттың жойылуына түрткі болады. Өскелең ұрпақтың асыл қазынадан құр қалмай, білім байлығынан кенде болмасы үшін мектепте тарих пәні оқытылатыны белгілі. Оқушы бөлімге бөлініп, тарауға жіктелген тақырып мазмұнын меңгеру керек. Бұл аталған пәннен «бестік» алуға ғана емес, тұтас тарихты санаға сіңіруге ықпал етеді. Әйтсе де оқулықтағы олқылықты айта кетпесек болмас. Баспа мен нұсқаның әртүрлі болуымен қоймай, дерек пен дәйектің дәлме-дәл келмеуі, ақпараттың бұрмалануы сынды қателікті қалай ақтап алуға болады? Тіпті бала жасын, сынып санын ескерместен мазмұнын тым күрделендіру санаға салмақ салмай ма? Әріптік қателерді былай қойғанда, жылдан жаңылысу, болмағанды болды деу әбестік.

Иә, тарих – үлкен ғылым. Бір мәліметтен жаңсақ кетудің өзі оқушының дұрыс, бұрысын ажырата алмай, абдырап қалуына себеп болмақ. Неғұрлым қателік көбейген сайын, бала да жадында жатталғанын дұрыс деп таниды. Ұлттық бірыңғай тестілеу сұрақтары да қиыспай, тұнған теріс тұжырым екенін айтқандар бар. Сол себепті оқулықты құрастырушылар мәселеге мұқият қарап, зерттеуі жүйелі болса дейміз. Тақырып терең талданып, тілі түсінікті, ақпараты айна-қатесіз болғанда ғана жас өрен өрелі болады. Сонда ғана өткенге көз тастап, болашақ дидарын болжап, бүгінгісіне есеп бере алмақ. Әр оқушы өзі ізденіп, жан-жақты зерделеу керек дегеннің өзінде тарих оқулығымен жаңа табысқан оқушы төтеннен не іздей қойсын? Тіпті 5-сынып оқулығында олқылық көп. Бұл бүгін ғана көтерілген мәселе емес, талай адам талқыға салған тақырып. Жас тарихшы Әлішер Алдоңғар да сұхбатында біраз қателікке тоқталған еді.

-Оқулықтардың сыныптар арасындағы байланысы мүлдем төмен. Мысалы 6-сыныптың Қазақстан тарихы оқулығында «Шыңғысхан 1224 жылы қайтыс болды» деп көрсетілген. Бірақ сол ақпарат 6-сыныптың екінші оқулығы мен 10,11-сынып оқулықтарында 1227 жылмен көрсетілген.

Сондай-ақ, анық тарихи желіге сүйенбеген ақпараттардың болуы. Мысалы 6-сыныптың оқулығында Қимақ қағанатының құрылуы туралы «Тайпаның өз алдына бөлектенуі Батыс Түрік қағанатының құлауы барысында 656 жылы іске асты» дегенді жазып қойған. Ғылыми-тарихи еңбектерге сүйенсек, Батыс Түрік Қағанаты 704 жылы саяси сахнадан мемлекет ретінде өмір сүруін тоқтатқан.

5-сынып оқулығының бірінде ғұн тәңірқұтын «Мөде қаған» деп берсе, екінші кітапта «Шөже қаған» дейді. Тарихи ақпараттарда біркелкілік болуы қажет деп санаймын. Дәл осы секілді ақпараттарда(6-сынып/11-сынып) Иштеми – Дизибул/Сизибул деп берілген. Тарихшы мамандардың білетін ақпаратын 5-сыныптың баласы қайдан білсін?

6-сыныптың оқулығында «XI ғасырда қыпшақтар Жетісумен қатар бүкіл Қазақстан жеріне үстемдік етті» деп жазылған. Сонда «942-1212 жылдары Жетісу жерінде өмір сүрген Қарахан мемлекеті билігі қайда болды?» деген заңды сұрақ туады.

6-сыныптың оқулығында көрсетілген Түркі жұртының негізі саналатын теле тайпаларының саны 30 болса, 10-сыныптың оқулығында 15 тайпа деп көрсетілген.

10-сыныптың кітабында «Адамзат тарихындағы жылқы өсірушілердің алғашқы мәдениеті Ботай қонысы б.з.б 3700-3100 жылдары өмір сүрді» деген тіркес бар. Ал дәл осы ақпарат 5-сыныптың кітабында өзге нұсқада берілген, -деді ол.

Қателікті қаздай тізбектесек санына жете алмаспыз. Бұл мақтанатын емес, қынжылатын дүние. Сайып келгенде сапаға сын айтпау үшін де мазмұнда мін болмағаны ләзім. Ал көк қатеден соң амалсыздан бас шайқауға тура келеді. Кемшілікті түзеп, олқылықтың орнын толтыру қажет-ақ. Әйтпесе әртүрлі мағлұматтан миы қатқан бала дүбәра күй кешпей ме? Тарихты қопара қозғамағанымен, тым құрығанда әр сынып оқулығындағы материалдардың бірізділігін қатаң қадағалауға болатын шығар.



Замира ҚОНЫСЖАН

УАҚЫТ ДЕМІН АШҚАН КІТАП

Әлеуметтік желіде экологиялық тақырыпта пайдалы жазбаларымен, қоғам ісінде айрықша белсенділігімен танымал, кәсіпкер, облыстық қоғамдық кеңес мүшесі, Халықаралық Табиғи уақыт қолдаушылар Альянсының Қазақстандағы өкілі Болат Нұрхожаевтың танымдық, ғылыми-көпшілік бұл кітабы адам өмірі үшін аса маңызды. Хронобиология жайында қазақ тілінде құнды ақпарат беретін алғашқы жинақ ретінде құнды.

Халықаралық Табиғи уақыт қолдаушылар Альянсының Қазақстандағы өкілі Болат Нұрхожаевтың танымдық, ғылыми-көпшілік кітабының тұсаукесері өтті.

«Хронобиология: біз неге тіріміз?» деп аталатын кітап адамзат өмірі үшін аса маңызды хронобиология ғылымы жайында қазақ тілінде жазылған алғашқы жинақ. Әлеуметтік желіде экологиялық тақырыпты қаузап жүрген Болат Жолтайұлы Қызылорда облысы уақытын қайтару қаулысының қабылдануына үлес қосқан азамат. Ол бүгінде ҚР Уақыт өлшемін түбегейлі реттеу ведомстваралық жұмыс тобының, сонымен қатар облыстық қоғамдық кеңес мүшесі, Экология комиссиясының төрағасы, облыстық кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлер құқын қорғау кеңесінің төрағасы, Өңірлік кәсіпкерлер кеңесінің, халықаралық Табиғи уақыт қолдаушылар Альянсының Қазақстандағы өкілі. Экология саласына қосқан үлесі үшін Экология министрлігі, Бас прокуратура, облыс, қала әкімі медальдары мен құрмет грамоталарының иегері.

Құнды кітаптың тұсаукесер рәсіміне Қорқыт ата университетінің ғалымдары, облыстық денсаулық сақтау, білім беру саласының мамандары, қоғам белсенділері қатысты.

Кітап мазмұнын қамтыған табиғи уақыт пен адамның биологиялық ырғағының сәйкестігі, сағаттық белдеулер, уақыт өлшемдері, ұйқы режимі, хроноцид пен десинхроноз, т.б. мәселелер оқырманды ойландырады.

«Туған сәттен бастап біз ғаламдық, яғни табиғи ырғақ әсерімен қалыптасып өмір сүреміз. Сондықтан кездейсоқтық ойыншығы болмас үшін табиғи ырғақпен сәйкестікті сақтауымыз қажет. Мұны түсінуге, білуге бұл кітаптың көмегі зор болады деп санаймын» деп баға береді Қазақ Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Биофизика және биомедицина кафедрасының меңгерушісі, биология ғылымдарының докторы, профессор Сұлтан Төлеуханов.

«Б.Ж.Нұрхожаев – еліміздегі әкімшілік және табиғи уақыт белдеуінің тұрғындар денсаулығына әсері аясында көтеріліп отыратын көптеген мәселелердің басқасында белсенділік танытып жүрген тұлға. Атап айтсақ, Қызылорда, Қостанай, облыстары бойынша сағаттық белдеу мәселелерін шешу мақсатында құрылған ҚР Үкіметінің жұмыс тобының белсенді мүшесі. Бұл еңбегі – осы бағытта атқарылған қажырлы еңбегінің жемісі деп айтуға болады» дейді Генетика және физиология институтының жетекші ғылыми қызметкері, биология ғылымдарының кандидаты Асқар Қалекешов.

Ғалымдар жоғары баға берген бұл кітап кітапхана сөресінде емес қолдан қолға көшіп жүретін пайдалы еңбек боларына сенеміз.

Кітап «ASU баспа үйінен» жарық көрген.

Автор «Хронобиология: біз неге тіріміз» кітабы жайында шағын баяндама жасады. Кітаптың тұсаукесер рәсімінен соң қоғам қайраткері, Т.Жүргенов атындағы Қордың директоры Сәпен Аңсатов, «Ақмешіт ақшамы» газетінің бас редакторы Сәрсенкүл Бихожа, «Тіл сақшысы» газетінің бас редакторы Сәдуақас Аңсатов, облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Шайымбетов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің проректоры Майнұр Бөрібаева, облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыздықов арнайы сөз сөйледі.

«Мен өзім адамның биологиялық ырғағы деген тақырыпқа оқушы кезімнен қызығатындықтан бұл кітаптың оқырман үшін қаншалықты маңызды екенін жақсы түсініп отырмын. Мұндай ғылыми-танымдық кітаптың қазақ тілінде жарық көруі де үлкен қуаныш. Әрі қарайғы уақытта бірлесіп жұмыс істеуге дайынбыз. Автордан бастап осы кітаптың шығуына атсалысқан барлық азаматтарға алғысымды білдіремін» деді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары, медицина ғылымдарының докторы Жангелді Шайымбетов.

– Бұл кітапты оқып қоя салу аздық етеді. Кітапта жазылған негізгі қағидаларды күнделікті өмір салтымызға айналдыруымыз керек, – деді облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыздықов .

Кітап авторы Болат Жолтайұлы 1966 жылы туған. Қызылорда политехникумын, Астана Инженерлік-техникалық академиясын құрылысшы, эксперт бағалаушы мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын Арал Кеме жөндеу зауытында жұмысшы, шебер болып бастаған. 1990 жылдардан бастап жеке кәсіпкерлікпен айналысады.

2022 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ғылыми зерттеу университетінде хронобиология мамандығы бойынша оқып, сертификатын алған.

Р.МАҚСҰТ

«Кітап оқитындар теледидар көретіндерді басқарады», – деген Ф.Жанлистің сөзін естімеген адам кемде-кем. Ғалымдар ақыл-ойды ұзақ уақыт сақтап қалу үшін: миды жаттықтырып отыру керек дейді.

Мидың қорегі – кітап. Әлеуметтік зерттеулер нәтижесінде ғалымдар кітап оқу ақыл-ойды ғана емес, жан мен тәннің саулығын да арттырады деген қорытындыға келді. Әсіресе кітап оқудың күйзелістен арылтуға ықпалы зор екен. Америка ғалымдары кітапты көп оқитын бір топ адамның миын магниттік-серпінді бақылаудан өткізген. Нәтижесінде адам миының қабылдауға жауапты бөліктерінің белсенді әрекет ететіні анықталды. Мұндай нәтиже теледидар қарағанда немесе компьютерлік ойын ойнағанда да байқалмайтын көрінеді. «Түрлі шығармалардың ішіне ойша ену адамның елестету, қиялдау мүмкіндігін арттырады, яғни адамның физикалық және психикалық жай-күйі жақсарады», – дейді ғалымдар.

Ақпарат пен технологиялар ағынын бойлап бара жатқан қоғам мәселесінің бірі – балаларды кітап оқуға баулу. Компьютерлік ойынға құмартқан жасөспірімнің смартфонға үңілуіне онлайн сабақ та себеп. Балаға қалай кітап оқытамыз? Қандай тәсілдер бар? Жаңа ұрпақтың тәрбиесіне аландайтын ұстаз бен әдеби блогердің, баспа саласындағы тәжірибелі маманның пікірін білген едік.

Зәуре Батаева, аудармашы, әдеби блогер:

– Біз бәрін смартфон заманынан көреміз. Бірақ балаға қай заманда болсын кітап оқыту оңай шаруа емес. Сондықтан стратегия мен тактиканы саналы түрде ерте құрған дұрыс екен. Менің әкем ол жағынан жақсы айла тапқан. Жас ата-аналарға пайдасы тиіп қалар, айта кетейін.

Ол кісінің қолданған стратегиясы қызық: ес білгелі көргеніміз – әр бөлмеде сөре-сөре кітап, қап-қап газет-журнал. Сапардан келсе, кем дегенде 5-6 кітап көтеріп келетін. Сөйте тұра, бізге мынаны оқы, ананы оқы деп бұйырған емес. Сұрақ қойсаң: «Бәленбай кітапты қара, бәленбай энциклопедияның осындай деген әріпін қара, бұл кітаптың бәрі сендер үшін», – деп жауап беретін.

Самсап тұрған кітапты көріп өскен бала күндердің бірінде сөрені жағалап, кітапқа үңіліп, қопара бастайды. Бірден оқып кетпесе де, бойында кітапқа деген ынтызарлық қалыптасады. Тәжірибелі ата-аналардың айтуынша, жеке өзіне арнап алынған кітаптың, тіпті, кітап сөресінің де маңызы зор көрінеді.

Осының бәрін ескеріп, іниме арнайы «Батудың басынан кешкендері» мен «Гарри Поттердің» қазақшасы, ал әлем ертегілері мен аңыздарынан «Мың бір түннің» балаларға арналған нұсқасы, Румидің мысалдары, «Алиса» мен «Винни Пух» кітаптарын жиып қойдым.

Ержеңіс Әбдиев, балалар ақыны, ұстаз:

– Балаларды қалай кітапқа қызықтырамыз деген ой бұрыннан мазалайтын. Өзім балалар әдебиетінен ойып тұрып орын алдым деп айта алмаймын. Біріншіден – ұстазбын. “Ержеңістің ерекше есептері” деген жинағым шықты. Яғни өлең арқылы берілген логикалық есептер, жұмбақтар жинағы. Туындының таралымы жақсы болды. Тапсырыс берген оқырмандарым кітап оқымайтын балалардың өзі аулада жиналып, кешкілік бірігіп осы жұмбақтарды шешіп жатқанына куә болдық деп, суреттерін маған жолдап отырды. Балалардың кітапқа қызығушылығын арттыруға осындай бір ерекшеліктер керек шығар деп түйдім.

Ұстаз болғандықтан, кейде оқушымен пікірлесіп, қандай кітап оқып жатқандарын, кітапқа деген көзқарасын сұраймын. Қазақтың классиктерін, қазіргі жазушыларын айтсам, көбісі танымайды. Оқушымның біразы шетел әдебиетін оқиды екен. Әлем әдебиетінен аударылған фантастика жанрындағы шығармалардың орысша нұсқасын көп қарайды. Қазақта фантастика жоқ емес. Осы жанрды дамытып, ертегі, шағын проза жазуымыз керек.

Балалардың әдебиетке қана емес, жалпы, білімге деген қызығушылығына кедергі – телефондағы түрлі ойынның, қызықты бағдарламалардың қолжетімділігі. Қазір секунд сайын жаңа ақпарат алатын жағдайдамыз. Ақпараттың көптігі мен жылдамдығы балалардың мектепте беріліп жатқан білімді қабылдауына кедергі келтіреді.

Қазір кітапханаларда, қосымша оқыту орталықтарында «coworking» деген бөлім ашылды. Соның аясында апта көлемінде, кейде екі немесе үш апта сайын балаларға проза оқуға тапсырма береміз. Оқып келген соң шығарманы бірге талдаймыз. Мәселен, топта 20 оқушы болса, соның кемі оны оқып келеді. Көбіне оқып келген балалармен кітап талдау барысында басқа балалардың қызығушылығы артып, талдауға қосылып жатады.

Раиса Қадыр, баспагер:

– Балалардың жас ерекшелігін де назарға алу керек. Мысалы, кішкене балалардың ертегілер, суреттері көп кітаптарды оқуға құмарлығы басым. Бастауыш сынып оқушыларына табиғат туралы кітаптарды көп ұсынады. Қоршаған ортаны қорғауды, экологияны наисхаттайтын кітаптар отандық баспаларда көптеп шығып жатыр. Солардың бірнешеуін балаға алып беруге болады. Жасөспірім балалар комикс кітаптарды көбірек сұрайды. Әрбір ата-ананың ең үлкен мәселесі – баланы планшеттен алшақ ұстау. Әсіресе ковид заманында балалар қашықтан оқуға кетіп, телефон, компьютерге телміріп отырып қалды ғой. Енді оларды технологиядан алшақ ұстау бұрынғыдан да қиындай түсті. Ендеше балаларды кітаппен қалай достастырамыз? Тамаша комикс кітаптар, иллюстрациялы еңбектер бар, соларды балаға ұсынып көруге болады. Өз балам комикс кітаптарды өте қызығып оқып жүр. Планшеттен басқаға көңіл аударғысы келмеу мәселесі менің баламда да бар еді. Сол кезде суретті, көркем безендірілген, ұл балаларға арналған (арасында болмайтын, тіпті дөрекі сөздері де бар) кітапты ұсынып көріп едім, бас алмай оқып шықты. Менінше, бала планшетпен дос болғанша, кітаппен дос болғаны дұрыс. Осындай түрлі жанрдағы кітаптардан басталған достық мазмұнды, басқа да кітаптармен достыққа алмасатынына сенімдімін.Балаға кітап оқуға бергенде ата-ана өзіне де кітап алса деймін. Себебі, бала үлкендерге қарап бой түзейді. Ата-ана кітап оқып жүрсе бала да кішкентайынан кітап оқуға құмар келеді.

Дина БӨКЕБАЙ

ОЙТАМШЫ

Кітап – рухани байлыққа жетелейтін қазына. Ақылына ақы сұрамайтын кітаптың адамға әкелер пайдасы орасан. Қазіргі технология қарыштап дамыған заманның тиімді тұстары көп болғанымен, жаңа технология мен түрлі ағымдар себебінен таным көкжиегімізді кеңейтуді кейінге ысырып тастайтынымыз өкінішті. Әсіресе, кез келген ақпаратты ұялы телефоннан оңай тауып алуға үйренген жас буында кітап оқуға деген қызығушылық қалыс қалып келеді.

Күнігі ішетін ауқатымыз денеге нәр беріп толтырса, кітап та миды дәл солай толтыратыны сөзсіз. Кітап дегенде санада сан түрлі түсінік пайда болып, әлемге деген көзқарас та өзгере бастайды. Жетістікке жету жолы да жеңілдей түседі. Әрине кітап оқуда әркімнің мақсаты әртүрлі. Бірі оны аса қызығушылықпен оқыса, келесісі білім мен ғылым жолында пайдасы зор екенін ескереді. Бірақ қандай мақсатта пайдаланса да кітаптың әкелер жақсылығы өзгермейді. Мұны ұлы Абайдың «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» деген сөзінен-ақ аңғаруға болады.

КІТАП ОҚУҒА КЕДЕРГІ ЖОҚ

Жоғарыда жастардың көбі кітап оқуды қойды деп едік. Енді мәселенің мәнісіне тоқталайықшы. Неліктен қазіргі заман ұрпағы кітап оқуға қызықпайды? Себебі олардың көз алдына сөрелерде том-том болып шаң басып жатқан әдеби туындылар елестейді. Қарапайым ұялы телефондағы шағын мәліметті оқуды жүк санайтын жасөспірімдер бір емес, бірнеше томнан тұратын рухани қазынаның бетін парақтайды ма екен? Соның салдарынан ба, жас буын классикалық әдебиетке өуес. Оған қоса өзге тілдегі туындыларды оқуға құмар. Себебі шетелден аударылған кітаптың тілі – оқуға жеңіл, есте сақтауға аңғайлы. Осы тұсымен-ақ, оқырманды оның ішінде жастарды өзіне елітеді. Алайда жастарға ұнайды екен деп өзіміздің отандық туындылардан ат тонымызды ала қашпау керекпіз. Керісінше, болашақ ұрпақтың талабын қанағаттандырып, ой-санасы мен рухани өрісін дамытып, қалыптастыруға әсер ететін қазақ жазушыларының шығармаларын жаңа деңгейде үгіттеп, жаңа ортаға сай бейімдеу керек.

Бұл орайда кітап ішінен әріп пен әдемілікті емес, ой іздейтіндер ешқандай айырмашылық жоқ деуі мүмкін. Бірақ оқырман санын арттырып, қазақ тілінідегі әдеби туындылардың тоқырап қалмауы үшін бұл мүмкіндікті де пайдаланып көрген артық болмас. Тіпті әлдеқашан тәжірибеде байқап көріп, іс жүзінде жемісті нәтижеге жетіп отырған баспалар да бар. Солардың ішінде 1988 жылдан бастап кітап шығарумен айналысатын «Алматыкітап» баспасы ойып тұрып орын алады. Еліміздегі өзге баспалардан бөлек атын атап, түсін түстеп ерекше атауымыздың да өзіндік себебі жоқ емес.

Атап айтар болсақ, «Алматыкітап» баспасы елімізде алғаш 5 және 6 жастағы балаларға арнап мектепалды даярлық бойынша оқу-әдістемелік кешендер дайындап, басып шығарды. Өскелең ұрпақтың білімді болуын басты мақсат етіп қойған баспа 2013 жылы тұңғыш «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламаларын халық игілігіне ұсынды. Баспа ерекше дизайнымен және жоғары сапасымен өзге баспалардан дараланып тұрды. Әлі де өрісін кеңейтіп, дамудың даңғыл жолында келе жатқан бірден-бір ұйым. Еселі еңбектің нәтижесінде «Алматыкітап» баспасының басылымдары Франкфурт, Лондон, Лейпциг, Париж, Мәскеуде бой көрсетіп, халықаралық кітап жәрмеңкелеріне қатысты. Қазіргі таңда бұл баспа Ұлыбритания, Франция, Ресей, Беларусь, Үндістан, Латын Америкасы елдерінің баспалар Ассоциациясымен бірлескен жобаларды жүзеге асыруда.

Оқырманмен бірге жасап келе жатқан баспаның жұмыс барысы да заман талабына сай өзгертілген. Мұндайда ең бірінші ойға түсетіні – баспаның электронды сайты. Кез келген жерде, кез келген уақытта қалаған кітапты оқуға немесе сатып алуға бар мүмкіндік жасалған. Тіпті үйден шықпай-ақ, кітапханадағы ішектей созылған кезекке тұрмай-ақ қалаған кітапты алуға болады. Не болмаса қалаған туындымен телефоннан-ақ танысуға болады. Сәт сайын қолынан ұялысын тастамайтын жастар үшін бұл – үлкен мүмкіндік.

Тек жастар ғана емес, жасы егде тартқан қариялар да сайтты пайдаланып, өзіне қажет қымбат қазынаны таба алады. «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деп Әбіш аға айтпақшы, кітап жан сарайыңды байытар жалғыз қазына. Алайда көп аудан, елді мекенде сұраныс қа ие кітаптарды табу қиын. Алматы немесе Астана қаласының тұрғындары секілді кей аудан халқы кітап дүкеніне барып, қалаған шығармасын шертіп жүріп таңдай алмайды. Амал жоқ, ауыл кітапханасында не бар, соны оқуға тура келеді. Ал ондай шағын кітапханалардан психология, қаржы сауаттылығы, кәсіп бағытында кеңес беретін туындылар жоқтың қасы. Міне, осындай оқулық таппаған жағдайда «Алматыкітап» баспасының сайтын пайдалану тиімді. Себебі баспа сайтында әртүрлі жанрда жазылған шығармаларды сататын онлайн кітап дүкені, әртүрлі автордың туындылары толып тұр. Міне, жаһандану. Қазақстанның о шетінен бұ шетіне кітапқа тапсырыс беріп, рухани баюға да, кәсіпке бағыт алуға да, қаржы туралы сауатыңды ашып, өзіңді жетілдіруге де болады. Ал егер кітаптың электронды нұсқасы емес, өзі керек дейтін болсаңыз, аталған баспаның басылымы жетерлік. Әсіресе, қазақтың бітім-болмысын баяндап, тарихынан сыр шертетін туындылары ерекше, жаңа дизайнмен басып шығару арқылы оқырман ойынан шығуда. Осылайша, «Алматыкітап» баспасы заман көшінен қалмай келе жатыр. Оның үстіне тың идеяның арқасында келешек ұрпақтың кемелденуіне үлес қосуда.

Бақытжан ЫБРАШЕВ

ЖАҢА МЕКТЕП САЛЫНУДА

Қызылорда қаласының сол жағалауында физика-математика бағытындағы мектеп-интернат ғимаратының іргетасы қаланды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жерлестерді заманауи үлгідегі жаңа білім ордасының ірге көтеруімен құттықтады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Жолдауында «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуы тиіс» – деген болатын. Президент қазіргі цифрландыру, индустрияландыру заманында IT саласына деген сұраныс пен техникалық ғылымдардың маңыздылығын ескере келе, жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерге басымдық беруді тапсырды. Бұл ретте ел дамуына өзіндік үлес қосатын мамандарды оқыту, IT саласына жаңа леп әкелетін бағыттарды дамыту – біздің ортақ міндетіміз. Сыр жұртшылығы үшін айрықша қуанышты күн. Құны 8 млрд теңгені құрайтын жаңа мектеп оқушыларға сапалы білім беруге мүмкіндік жасайтын барлық заманауи жабдықтармен жарақталады. Мектеп құрылысы келесі жылы аяқталып, оқушылар мен ұстаздар игілігіне беріледі, – деді аймақ басшысы.

Еске салсақ, өткен жылдың желтоқсан айында Үкімет басшысы Әлихан Смайылов Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапары кезінде Қызылорда қаласында дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернатының құрылысын бастауға қолдау білдірді.

ЖАСТАРҒА КЕҢЕС БЕРІЛДІ

Өңірде жастарды әлеуеттендіруге бағытталған мүмкіндіктер керуені – «TULGA BOL» жылжымалы жәрмеңке және консультациялар автобусының қызмет көрсету жұмысы басталған болатын. Ауқымды жұмыстың нәтижесінде маман кеңесіне 4722 жас жүгінсе, еңбекке баулу және сұраныстағы мамандық таңдауға кәсіби бағдар беру шараларына 3488 мектеп бітіруші тұлек қамтылды.

Өзге де бағыттар бойынша 9 мыңға жуық жас қажетті мүмкіндіктерге қол жеткізді. Оның ішінде еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы жастарды жұмысқа орналастыру, оқу орындарындағы жеңілдіктер мен мүмкіндіктер, біліктілікті арттыру, мемлекеттік бағдарлама мен жобалар, несие алудағы мәселелер, оқыту курстары мен тегін дәрігерлік қызмет көрсету қамтылып, тиісті сала басшыларының қоғамдық қабылдауы болды.

Айта кету керек, өңірде «Еңбек жасақтарының» қатары кеңейіп, республикада көш бастап келеміз. Мысалы, Сырдария ауданында «Еңбек бригадасы» 200-ден астам жастың басын біріктіріп, еңбекпен қамтып отыр.

КӘСІПКЕРЛІК КӨРКЕЙІП КЕЛЕДІ

Аймақта шағын және орта кәсіпкерлердің саны 37,5 пайызға ұлғайып, 72 685 бірлікке жеткен. Жалпы осы секторда жұмыспен қамтылғандар саны 18 пайызға артты. Қазіргі таңда экономикадағы барлық жұмыспен қамтылғандардың шамамен 35 пайызы шағын және орта кәсіпкерлік саласында жұмыс істейді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен баспасөз конференциясында облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Азамат Каюпов мәлімдеді.

Сондай-ақ кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба жүзеге асырылып, ауыл тұрғындары мен жастардың кәсіпкерлік бастамаларын жеңілдікпен несиелендіру жұмыстары басталды.

– Облыста кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және оны дамыту бағытында жұмыстар жүйелі атқарылуда. Мәселен, биыл кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға әртүрлі көзден 23 млрд теңгеге жуық қаржы қарастырылып, жыл басынан бері 2 мыңдай жобаға қаржылай қолдау көрсетілді. Одан бөлек, кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында бизнестің жалпы несие портфелі 12,9 млрд теңгені құрайтын 484 жобасы субсидияланды. Қаржы ұйымдары арқылы шағын бизнестің 723 жобасы 9,3 млрд теңгеге несиелендіріліп, жас кәсіпкерлердің 316 жобасын 2 млрд теңге шамасында қаржыландыру мақұлданды. Мұнан өзге, 400 АЕК-ге дейінгі мемлекеттік гранттар жұмыссыз азаматтардың 722 жобасына табысталды. Бұдан өзге, өңірде шағын өнеркәсіп парктерін құру қолға алынды. Ол үшін республикалық бюджеттен 1 млрд теңге, ал жергілікті бюджеттен 100 млн теңге қаражат қарастырылуда, – деді Азамат Биғалиұлы.

Айта кететін жайт, кәсіпкерлік саласын мемлекеттік қолдаудан бөлек, салықтық ынталандыру шаралары да қоса атқарылуда. Биыл бөлшек сауда және халыққа қызмет көрсету саласындағы кәсіпкерлерге бөлшек салық режимін қолдану мүмкіндігі берілді.

Бетті дайындаған: М.СНАДИН

АТА-АНАМЫЗҒА ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАЙ АЛАМЫЗ БА?

Ерте заманда таудың құзар шыңын мекендеген қыран құс болыпты. Бір жылы өлгі бүркіт өмірінде алғаш үш балапан басып шығарыпты. Балапандардың қанаты қатайып, ұясынан ұшуға аз қалғанда бүркіт үш балапанын тырнағына қысып, теңіз төсіне алып шығыпты. Ұшып келе жатып қанат қаққалы тұрған балапандарынан соңғы рет сынақ алып, былай дейді:

– Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, мәпелеп бағып қаққанымды жақсы білесіндер. Ертең өскесін өтеуі ретінде маған қандай жақсылық жасайсыңдар?

Бірінші айтыпты:

– Анашым, сенің қамқорлығыңды ақтау үшін қолымнан келгенің бәрін жасаймын. Сені өмір бойы арқалап, алып жүремін. Дүниенің төрт бұрышын аралатамын, таңғажайып тамашаларды көретін боласың, – депті.

Сонда бүркіт басын шайқап, уысындағы балапаның теңізге тастап жіберіпті. Сосын екіншісіне бұрылып:

– Ал сен не айтасың?

Екіншісі айтыпты:

– Анашым, сені ел аралатып босқа әуре қылмаймын. Ғаламның барлық кереметін алдыңа әкеліп беремін. Ішкенің алдында, ішпегенің артында болады, – депті.

Бүркіт тағы да басын шайқап, екінші балапанын су тұңғиығына тастап жібереді. Үшінші балапанына бұрылып, жарқыншақ дауыспен былай депті:

– Ал сен қалай жарылқайсың?!

Сонда үшінші балапан былай үн қатыпты:

– Анашым, өтірік қанша тәтті болса да, саған ашы ақиқатты ақтармасқа амалым жоқ. Маған жасаған жақсылығыңның шеті де, шегі де жоқ екенін, оны өтеуге бүкіл ғұмырымды арнасам да жетпейтінін жақсы білемін. Дегенмен менің өмірім сені әлемді аралатуға да, сан түрлі ғаламатты алдыңа алып келуге де арналмайтынын айтқым келеді. Сенің маған жасаған жақсылықтарыңды өз балапандарыма жасау үшін өмір сүремін, – депті.

Кәрі бүркіт сонда ғана көкірек кере терең дем алып:

– Біздің әулет аманатын алға апарар, қыран деген атқа лайық бола алар ұрпақ туғанына көзім енді жетті, – деген екен.

Кейде біз балалық пәк көңілмен ата-анамызға мың сан жақсылық жасауды армандаймыз. Әлемді аралатып, қызылды-жасылды қызықтарды көрсетсек қандай жақсы болар еді деп ойлаймыз. Бірақ диірменнің тасындай шыр айналған өмір айналып келіп, өзіңді де ата-ана өткенде сол балаларды әке-шешеден көргенің бойынша, қамқорлықпен жеткізу жолында өмірдің қалай өтіп кеткенін аңдамай да қалатын сияқтысың.

Ата-анасынан бұрын өзінің балаларын ойлап жүретін ересектер әлеміне қарап осындай ойға келемін.

Сымбат ИМАНБАЙ

ЖУРНАЛИСТ БОЛУДЫ АРМАНДАЙМЫН



Биылғы мектеп түлегі ретінде «Кім боламын» деген сұрақ төңірегінде ұзақ ойланған жоқпын. Өйткені жазу өнеріне ынтық болдым, журналист болсам деген тілекпен өстім.

Ұлт тарихының данасы, халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың жазу өнері жайында айтқан сөзі көңілімде мәңгі жатталып қалды.

«...Адамзат ақыл-ойы талай ғажайыптарды ойлап тауып жатыр ғой. Алда небір ғаламат жаңалық ашылар. Бәрібір ең ұлы жаңалық – жазу. Одан асқан жаңалық болған емес. Жазудың ойлап табылуы – мәңгіліктің біржола мойындалуы. Жазу адам нәсілін ақылды, айлалы етіп қана қойған жоқ, иманды да ибалы, парасатты да етті. Шын мәнінде, Ғылым, Дін, Мәдениет жазудың арқасында пайда болды. Осы арқылы өткен ұрпақтардың құндылықтарымен сусындады, кемелденді» деген ой-толғамы көне тарихтың құмбірі болып жеткен жазу өнерінің адамзат баласы үшін қаншалықты құнды, қаншалықты бай мұра екенін дәлелдей түскендей.

Рас, бүгінде әлеуметтік желілер мен онлайн платформалар, YouTube арналар арқылы тез танылуға болады. Диктордың әдемілігімен, дауыс ырғағымен тәнті ететін телевизия әлемі де сайт платформалары арқылы дамудың жаңа кезеңіне көшіп отыр. Радиодан да сазды әуендер төгілгенде диджей болып, әсем үнінмен, тыңдаушының көңіл-күйін дөп басып, әдемі де салмақты оймен баурап алғың келеді. Ақпарат таратудың бірден-бір құралы болған мерзімді басылымдар да медиакеңістікте өміршең болып, тыныс-тіршілігін жалғастыру үшін жаңа дәуірді бастан кешіп жатыр. Бірақ мобилиография, таргет, SMM ұғымдар кейде журналист болудың аса маңызды емес екенін алға тартып отырғандай көрінеді. Дегенмен бұған онша келіспеймін. Сондықтан журналистикадағы жаңа тенденцияны жетік біліп қана қоймай, жазу өнерін жете меңгергем маман болғым келеді.

Арманыма жетемін деп сенемін.

Мадина ҒАЛЫМҚЫЗЫ,
Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназия оқушысы

ЖАҢА ШАҢАР ТАРИХПЕН ҚҰНДЫ

Қаланың басты стратегиялық нысаны әрі тоғыз жолдың торабынан тоғысатын сан түрлі жолаушыларды қарсы алатын бас қақпасы және әлеуметтік-экономикалық айнасы Қызылорда теміржол вокзалы 1900-1905 жылдар аралығында Орынбор – Ташкент магистралы іске қосылғаннан кейін салынған. Биыл вокзалдың салынғанына 118 жыл толып отыр. Аймақтың барлық ауданы теміржолдың бойында орналасқандықтан вокзал құрылысының тарихы да осы жылдармен тұспа-тұс келеді.

Тарихи жазбаларға сүйенсек, Қазақстан, Сібір, Орта Азияның жергілікті тұрғындарын өз жерлерінен ығыстыруға ықпал еткен патшалық Ресейдің соңғы императоры Николай Александрович Романов осы вокзалдың салынуына мүдделі болған деген мәлімет бар. Айтса айтқандай, вокзал жұмысының іске қосылуымен бірге қала халқының саны жергілікті тұрғындардан бөлек жан жақтан ағылған қоныс аударушылар есебінен қарқынды өскен.

Алғаш тұрғызылған кезде ғимарат бір қабатты болған. Вокзал үшін қызыл кірпіш арнайы Орынбордан жеткізілген. Кірпіштің беріктігін арттыру үшін аттың қылы қосылған.

1969 жылы үш қабатты жаңа вокзал іске қосылды. Қайта жөндеуден өткен ғимараттың бүгінгі келбетіне қарағанда жаңа тәрізді әсер қалдырады.

Үш ғасырда бұл шаһардың атауы үш рет өзгергенін ескерсек, Қамысқаладан – Ақмешіт – Перовскідегі қайнаған қызу тіршіліктің белгісі ретінде бірнеше көне орынды атап айтуға болады. Мәселен, Қызылордада көпестерден қалған жалғыз үйдің тарихы 1878 жылдан басталады. Бұл үй инженер, генерал Брюнонның жобасы бойынша салыныпты. Ертеректе мұнда қыздардың шіркеу училищесі орналасқан. Одан кейін тігін-тоқыма фабрикасы мен баспахана өнімдерін осы жерден шығара бастаған. Қазір «сүйегі асып» бұл ғимарат сауда үйіне айналған.

С.ИМАНБАЙ

БАҚЫТ ДЕГЕН НЕ?

Туған күнде, той-томалақ ең жиі айтылатыны «Бақытты бол» деген тілек. Қанша адам сізге ыстық ықыласын білдіріп, жүрекжарды тілегін ұсынса, сонша адам бақытты болуыңызға тілектестік білдіреді. Барлық адам аңсаған, армандаған, басқаларға да шын жүрегімен тілеген бақыт деген не өзі?

Ертегілердің барлығы «...бай болып, барша мұратына жетіпті» деп аяқталады.

«... Сол елдің ханы әрі әділ билеушісі болыпты» деген жолдар да жиі кездеседі. Бұған қарап халық түсінігінде байлық та, ел басқару да бақыт екенін аңғарамыз. Мұндай бақыт қаймана қазаққа шапағаты тиіп, көп адамға жақсылық жасай алу мүмкіндігін сыйлайды, сонысымен қадірлі.

Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз былай дейді: «Бақыт атауының екі түрі болады: оның алғашқысы – сырттай қарағанда бақыт болып көрінгенімен де, шын мәнісінде нағыз бақыт болып табылмайтын түрі. Ал екіншісі – өзінің мәнділігімен ерекшеленіп, ешқашанда айырбастауға болмайтын шынайы бақыт. Сырттай қарағанда бақыттың сипаттары болғанымен де, шын мәнісінде нағыз бақыт болып саналмайтын бақыттың түрін байлықпен, шат-шадыман өмірмен, атақпен, даңқпен және дүниеқұмарлыққа бой ұрушылықпен теңестірілгендіктен, оны халық игілігі деп те атайды». Демек ертегілердегі бай болып барша мұратына жетудің мәні көзсіз байлыққа ұмтылу емес, халық игілігі үшін болса деген ізгі тілектен туған. Сондай-ақ оның астарында жас ұрпақты еңбексүйгіштікке баулудың құпиясы жасырылған.

«Дені сау адамның мың тілегі бар. Ауру адамның бір тілегі бар» дейді халық даналығы. Адамға Жаратқан берген өлшеусіз нығмет – денсаулықтың қадірін ұғындырған осы бір даналық ойда үлкен мағына жатыр.

Рас, ауру адам Алладан дертіне шипа сұрайды. Дөнің сау, ақылын бүтін болса, жер бетіндегі жақсылық біткенді жаның қалап тұрады. Демек денсаулықтан артық бақыт жоқ.

«Шексіз бақытқа жетуге дәнекер болатын өнегелі өмір салты, салт-дәстүрлер мен ерік-жігер қабілеті, өзінің мән-мағынасы жағынан, шынайы әдемілік пен ізгіліктің, игіліктің қайнар бұлағы» деген ойшыл баба әл-Фарабидің тағы бір даналық сөзіне ден қою қажет. Бақыт дегеніміз – адамның өмір салты. Күн шыққанда күліп оянатын, барлығына балаша қуана алатын шынайылық, айна алдындағы адамға сүйіспеншілікпен қарау – бәрі-бәрі бақыттың сәулесі іспетті.

М.ҒАЛЫМҚЫЗЫ

ЖАЛАУ ЖЫҚПАҒАН ЖЕРЛЕСТЕР

Бүгінде Сыр елінің еншісіне тиген жеңіс пен жүлде көп. Білімге бүйрегі бұрған жас буынның спортқа да қызығушылығы жоғары, тіпті осы салаға қатысты мақсаты айқын, арманы асқақ десек артық айтқандық емес. Нәтижеге жету үшін шыбын жаны шырқырап, қиындықтың қиысқан жолынан қаймықпай өтіп, кептелген кедергіге де тосырқап қалмауы талпынысынан көрінеді.

Жеңіс пен жеңіліске жету бір ғана қадам екенін ұғынғандар ұстамдылықпен ұтымды әрекет етуді қаперде ұстайды. Содан болар, додада діттегеніне жетіп, тартыста табандылық танытып, ел мерейін үстем етіп жүр. Жалаудың жерге жығылмай, көкте желбіреуін тілеген Сыр спортшыларының бойында намыс қайнап, жүрегінде Отанға деген сүйіспеншілік сайрап жатыр. Байдарка мен каноэде есу бойынша да қоржынымыз талай мәрте алтынға толған. Әлбетте бұл бағыт беретін жаттықтырушы мен шымыр спортшының толассыз еңбегінің нәтижесі. Ендеше облысымызда байдарка мен каноэ спортының даму деңгейі қандай? Толығырақ тарқатып көрелік.

Суды тілсіз жаудың біріне теңейміз. Өйткені абайламасаң ағызып өкететін қаупінен кейін көбісінің суық суға жүрегі дауаламайды. Ал ескек есудің шеберлері су бетінде қайықты игеріп жүріп, бақ сынайды. Көзге оңай көрінген спорттың өзіндік қиындығы да жоқ емес. Егер тепе-теңдікті сақтамай, ережені естен шығарып, мұлт кеткен жағдайда жеңіс қарсыластың еншісінде дей бер. Сондықтан қос қолдың қайратымен ескекпен қайықтың бағытын басқару екінің бірінің қолынан келе бермейді. Белгілі уақыт шегінде межеден өту жүгірп барып мәрені үзе салатындай жеңіл іс емес. Жеңіс су, қайық һәм ескек үштігінің үйлесімін тапқан спортшының ғана қолында.

– Қызылорда облысында байдарка және каноэде есу 2013 жылдың қаңтар айында ашылған. Он жыл ішінде жеңіс тұғырынан көрінген чемпиондарымыз өте көп. Өткен жылы облысымызда ескек есу базасы пайдалануға берілген болатын. Бізде қазір жаттықтырушы жетпей жатыр, атап айтсақ 4 жаттықтырушы бар. Ал Шымкент қаласындағы жаттықтырушы саны – 26. Сондай-ақ, ескек есу спортына келген балалардың 90-99 пайызы жүзу білмейді. Сондықтан алдымен оларды жүзуге үйретіп, кейін қайыққа отырғызу, ескек ұстау сынды тәсілдерді меңгертеміз. Мұндай спорт түрі басқа қала мен аудандарда жоқ. Сол себепті спорт мектебінің қатарын көбейтсек, балалар жастайынан спортқа дағдыланып, тіпті жүзуге де ерте жастан бейімделетін еді. Бұл – уақытты жоғалтпай, жеңіске жетудің төте жолын табуға зор мүмкіндік. Тағы бір айта кетерлігі, 60 спортшының барлығына қайық жетіспейді. Ескек есу базасына бірнеше қайық пен ескек құралдары керек. Бұл мейлінше көп балаға бір мезетте жаттықтыруға көмегін тигізуші еді, – деді ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Мұхитдин Миербеков.

Кіл мықтылар жан-жақты дамудың кілтін табуда тосылмаған кезде арқасынан қағып, демеп жіберу маңызды. Яғни өрбіп спорт түріне көп көңіл бөлінсе, көрер нәтижеміз де жемісті, естір жаңалық та сүйінші болмақ. Ескек есу базасында өз ісінің мықты мамандары қызмет атқарады.

Жаттықтырушының нұсқаған жолымен жүрген спортшылар марапат мінберінен көрініп, Сыр елін қуанышқа кенелтіп жүргені көпке аян.

Намысты қолдан бермеуге тырысқан қыздар да аймақтың абыройын арттырып келеді. Чемпионаттарда асығы алшысынан түсетін спортшылар сенім үдесінен шығуда ақсап қалғысы жоқ. Әлем төрінде егемен еліміздің еңсесін көтеріп, қанға сінген қайсарлықтың қалпын көрсететіні содан.

Сонымен су үстіндегі жарыста жығылмай, қайықтың қозғалысын қалт жібермей, ескектің ебін табатын Алтынбек Қожахметтің байдарка мен каноэ спортына келгеніне 10 жылға таяған. Әлем чемпионатының жүлдегері атанған ол өзінің осал еместігін әлдеқашан танытып үлгерді. Тынымсыз дайындықты үзбей, жаттығуға ден қоятын спортшы ел қоржынын медальға толтыруда қалыс қалғысы жоқ.

Қожахмет алдағы тамыз-қыркүйек аралығында Азия ойындарына қатыспақ.

– Су үстіндегі спорт болғандықтан біздің маусым сәуір айынан басталады. Содан кейін 4 жылда бір келетін қалааралық спартакиадаға дайындалатын боламыз. Бұйырса тамыз айында өтетін жарысқа да қатысамын. Демек бұл біздің тамыз айына дейінгі жарыс жоспарымыз. Ал жаттығуға келетін болсақ, бұрынғы қателіктермен жұмыс жасап, уақытымызды ұтымды пайдаланып, тиімді тәсіл мен әдістерді үйренуді үзбейміз. Ел үмітін арқалап барған жарыстарда көк туды желбіретіп, намысты қолдан бермеу – басты мақсат, – деді Қ.Алтынбек.

«Чемпион жаттығу залдарында пайда болмайды. Адамның ішіндегі құлшыныс, арман, мақсат чемпионды тудырады» деген әлем мойындаған боксшы Мұхаммед Әли. Расында, арман асқақ болған кезде кездеген мақсатқа, діттеген мұратқа жету соншалықты жеңіл болмақ. Жетістікке жету жолында жауапкершілік жүктеп, ұмтылысы ұсақталып, талпынысы тып-типыл жоғалмаса талай спортшының белесті бағындыратыны бесенеден белгілі. Тиісінше спорт саласының дамуына сеп болатын шешім қабылданып, қолдау көрсетілсе айбымыз оңынан тумақ.

АҢЫЗ БЕН ШЫНДЫҚ

Әлемде Португалия футболшысы Криштиану Роналдуды білмейтін жан кемде-кем. Соңғы онжылдықта әлемнің ең үздік ойыншысы атағы үшін аргентиналық Лионель Мессимен жарысып келген бомбардир 2018 жылы Италияның Ювентус клубына ауысқан болатын. Ювентус Роналдуды өз сапына қосу үшін трансферлік терезеде 100 миллион еуро жұмсады. Ал футболшы жылына 30 миллион еуро табыс табатынын мәлімдеді. Араға үш жыл салып өзінің жеңісті жолы басталған Манчестер Юнайтедке қайта оралды.

Тарқатып айтайық, Роналду 2009 жылдың жазында ағылшындық Манчестер Юнайтедтен Реал Мадридке 94 миллион еуроға ауысып, трансферлік құны бойынша рекорд жаңартқан еді. Шабуылшы королдік клубта 9 жыл бойы өнер көрсетті. Осы аралықта Ла Лиганы (2), Испания кубогін (2), Испания супер кубогін (2), Чемпиондар лигасын (4), УЕФА супер кубогін (3) жеңіп алды. Сонымен қатар әлемнің ең үздік футболшысына берілетін «Алтын допты» 4 рет, маусым бойы ең көп гол соққан үздік сүрмергенге берілетін «Алтын бутсаны» төрт рет қанжығасына байлады. Ол 438 ойында 451 гол соғып, королдық клубтың тарихындағы ең үздік бомбардир атанды. Ал ұлттық құрама сапында 2016 жылы Еуро бәсекесінде топ жарса, одан кейін Ұлттар лигасының жеңімпазы атанды. Осылайша ұлттық құрама сапындағы көрсеткіш бойынша Мессиді басып озды. Себебі Лионель Аргентинамен Копа Америкада бір рет жеңіске жетпеген.

Тақырыпқа оралайық. Жалпы, бұл тарихи ауысымның бірнеше себебі бар еді. Айтпағымыз, Ювентусқа трансфері жайында. Бірінші себеп – ақша. Роналду – спорттық нәтижелерге ғана емес, жалақысына да үлкен мән беретін ойыншы. Ол үнемі Барселонаның шабуылшысы Мессимен тең дәрежеде бәсекеге түскісі келеді. Өйткені соңғы бес жылда Барселона Мессиге 2 рет жақсартылған келісім-шарт ұсынды. Оның үстіне Реал Мадрид президенті Флорентино Перес жасы отыздан асқан Роналдуға табыс көзі ретінде қарай бастаған. Өйткені Перес португалдықтың үздік ойынына қарамастан енді танылып келе жатқан Неймар, Мбаппе, Азар секілді жас ойыншыларға көз тіккен болатын.

Міне осыдан кейін ойыншы мен президент арасында дау туындады. Бұл жайында испан басылымдары оқтын-оқтын жариялап отырды. Роналдуға жазғы ауысым кезінде французлық Пари Сен-Жермен және қытайлық бірнеше клубтан жылдық табысы 45 млн еуро болатын ұсыныстар түскен. Алайда ойыншы мансабын Ювентусте жалғастыруды жөн санап, ақыры ауысып тынды.

Реал Мадридтің бұрынғы президенті Рамон Калдерон Криштиануның ауысымынан кейін: «Команданың ойынында шешуші рөл атқарып, әр маусымда 50-ден астам гол соғатын чемпионды ауыстыру оңай емес. Өткен тоғыз жылда Флорентино Перес Реал Мадридке өте жақсы шешімдер қабылдады. Алайда Раул мен Икер Касильястан кейін сабақ алмағаны өкінішті», – деді.

Екінші себеп – спорттық мансабы. Роналду – өркашан бик шындарды бағындыруға тырысатын ойыншы. Сондықтан оған осындай үлкен өзгерістер қажет еді. Оның үстіне клуб жаттықтырушысы Миссилиано Аллегримен арасы өте жақсы болатын.

Ювентус соңғы жеті жылда ел біріншілігін ешкімге бермей келеді. Алайда клуб Еуропаның кіл мықтысы бақ сынасатын Чемпиондар Лигасында топ жара алмай көле жатқанына көп болды. Тіпті соңғы екі жылда осы турнирдің финалына шығып тұрып, екеуінде де қарсыластарына есе жіберген болатын. Сол себептің туриндік клуб әлі де болса «Реал», «Барселона» және «Бавария» клубтарының деңгейіне жете алмай келеді. Ал Криштианудың келуі осы турнирде жеңімпаз атанып, тарихтың жаңа бетін ашуға үлкен мүмкіндік беретінін болжаған клуб басшылығы ерте қамданды. Олар оның жасына қараған жоқ. Өйткені ойыншының жасы 33-те болғанмен физиологиялық тұрғыда және аландағы керемет ойыны жағынан алдына қара түсірмеген еді. Ұтымды сәтті өз пайдасына жаратқан Ювентусқа жыл табысты болды. Әлемдегі ең үздік футболшының келуі клубтың танымалдылығын одан әрі арттырып, әлемнің назарын өзіне бұрды. Сонымен қатар клуб жанкүйерлерінің саны миллиондап көбейді.

Осыдан соң Реал Мадрид басты қарсыласы саналатын Барселонадан 19 ұпай артта қалып, турнирлік кестеде Атлетикодан кейін үшінші орынға тұрақтады. Ал Испания кубогі мен Чемпиондар лигасында жеңіліс тауып, жарысты уақытынан бұрын аяқтауға мәжбүр болды. Жыл сайын тым құрығанда бір кубок алатын испандық клуб Роналдудың кетуімен бір-ақ сәтте жанкүйерлердің сенімінен айырылып, төмен құлдырап кетті. Туриндік клуб болса Италия супер кубогі мен ең чемпионатындағы топ жарды. Ал маусым қорытындысы бойынша Серия А-ның жыл футболшысы марапаты португалдық сүрмергенге буйырды. Айта кетейік, Ұлттар лигасының ақтық сынында Нидерланды мен Португалия құрамасы кездесіп, 1:0 есебімен Криштианудың ұжымы жеңіске жеткен болатын. Ал Роналду бұл турнирдің де ең үздік ойыншысы деп танылды. Міне, осынау тарихи ауысым қос клубтың да маусым бойғы ойынына үлкен әсер етті. Бірі құлдырады, бірі жаңа биікке көтерілді.

Роналду Ювентус сапында бірнеше жыл доп теуіп, Серия-А, Италия кубогі, Италия суперкубогіне қол жеткізді. Бірнеше маусым клубтың үздік сүрмергені атанды. Бұлтыр жазғы трансфер кезінде португалдық ойыншы кезінде өзінің бағын ашқан англиялық «Манчестер Юнайтед» клубына ауысты. 2021-2022 маусымда 21 гол мен 3 нәтижелі пас берді. Маусым соңына дейін әлі гол соғары анық. Айтпақшы, аты аңызға айналған бұл ойыншы қазір әлемдегі ең көп гол соққан ойыншы. Роналдудың Португалия мен клубтық деңгейде соққан жалпы голы 808-ге жетті. Мессиден сәл де болса, көші ілгері.

Ендігі мәселе – «Алтын доп». 2023 жылдың қысында «France Football» журналы әлемнің үздік ойыншысын анықтайды. Өткен жылы бұл атақты аргентиналық шабуылшы Леонель Месси иеленді. Ал алдағы маусымда бұл мәртебеге үміткер есебінде Роналду мен Мессидің қайта түсері күмәнсіз. Қазір екеуінде салған голдарының арасы алшақ емес. Дегенмен қысқа дейін біршама уақыт бар. Осы аралықта кім қанша гол соғып, қанша нәтижелі пас берері белгісіз.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ФЕДЕРАЦИЯ ҚҰРЫЛДЫ

Алматы қаласында ат үстіндегі күрес (аударыспақ) Федерациясының бірінші Дүниежүзілік съезі өтті.

Съезге Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан Республикасы, Моңғолия мемлекеті, Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, Венгрия мемлекеттерінің өкілдері қатысты.

Аталған жиынға қатысушылар Федерациясының ресми құрылғаны жөнінде хабарлады. Федерацияның штаб пәтері Алматы қаласы болып бекітілді. Сондай-ақ, қатысушы мемлекет өкілдері ат үстіндегі күрестен (аударыспақ) Дүниежүзілік Федерациясының президенті етіп ҚР «Аударыспақ» федерациясының президенті, «Atasu Group» компаниясының басшысы Марат Жұманды сайлады.

Сондай-ақ, жиын басында бірыңғай ойын ережелері бекітілді. Негізгі ережелер қазақтың ұлттық спорты аударыспақтан алынды. Одан бөлек, спортшылардың салмақ дәрежелері қабылданып, алда өтетін жарыстардың күнтізбелік жоспары бекітілді. Халықаралық ойындарды әділ өткізу мақсатында міндетті түрде VAR (бейнебақылау) қойылу міндеттелді.

Жиын соңында Қырғызстан Республикасының өкілдері жаңа бекітілген бірыңғай ойын ережелері бойынша алғашқы әлем чемпионатын осы жылдың қыркүйек айында Істыққөлде өткізуді ұсынды. Бұл бастаманы қатысушы елдер бірауыздан мақұлдады.

МАРИЯ – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Италияның Ауронзо қаласында жасөспірімдер мен жастар арасында байдарка мен каноэда ескек есуден әлем чемпионаты өтіп жатыр.

Спортты дамыту дирекциясы баспасөз қызметінің мәліметінше, батысқазақстандық Мария Бровкова 18 жасқа дейінгілер арасында С-1 санатында 1000 метрлік сайыста 4:35.01 секунд көрсетіп, үздік атанды.

Мажарстандық Река Саркани күміс жүлдеге ие болса, өзбекстандық Шохсанам Шерзодова үздік үштікке енді.

Сонымен қатар тағы бір қазақстандық Руфина Ысқақова 23 жасқа дейінгілер арасында С-1 санатында 1 мың метрге жарысудан мәре сызығына екінші болып жетті.

Жарысқа 65 елден 938 спортшы қатысып жатыр.

ПАРАВОЛЕЙБОЛШЫЛАР ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ

Қазақстанның параволейбол құрамасы Азия чемпионатының күміс жүлдесін иеленді.

Астанада отырып ойнайтын волейболдан Азия чемпионаты мәресіне жетті. Чемпионат елордадағы Ж. Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайында өтті. Додаға 8 елден Қазақстан, Жапония, Таиланд, Иран, Ирак, Оңтүстік Корея, Моңғолия және Үндістаннан 200-ден астам спортшы қатысты.

Қазақстан құрамасы жартылай финалда Қытай командасын 3:2 есебімен жеңді. Сәйтіп, Азия чемпионатының финалына шығып, 2024 жылы Парижде өтетін Паралимпиада ойындарының лицензиясын ұтып алды.

Қазақстан құрамасы Иран командасымен финалдық кездесу өткізді. Иран құрамасы – чемпионаттағы барлық кездесуде жеңілмеген жалғыз команда. Ал Қазақстанның параволейболшылары әлемдік рейтингте 7-ші, Азия рейтингінде 2-орында тұр.

Кездесудің бірінші кезеңінде ирандықтар 25:21 есебімен жеңіске жетті. Мұнан соң Қазақстан құрамасы екінші кезендегі алғашқы ұпайды иеленді. Екінші кезеңнің нәтижесі – 25:14 болып, жеңіс қарсылас команданың үлесіне жазылды.

Шешуші ушінші кезеңде де қазақстандық параволейболшылар ұпайды көбірек еншілеуге талпынды. Есеп айырмасын қысқартып, басымдықты иеленуге ұмтылған қазақ ойыншылары үшін бұл кезең қарсыластар еншісінде кетті. Есеп – 25:17.

Бетті дайындаған: Берен ШАҒЫРОВ

МЕТА ӘЛЕМДЕГІ ШЫРҒАЛАҢ

Жақында Марк Цукерберг америкалық миллиардер және кәсіпкер Илон Маскқа тиесілі Twitter-ге бәсекелес болатын Threads мәтіндік хабарлама қызметін іске қосты.

«Threads – ертең трендке айналатын мәселені талқылауға жиналатын орын» делінген компания аннотациясында. Қолданба 30-дан астам тілді қолдайды, олардың арасында ағылшын, қытай және орыс тілі бар. Желі аккаунттарды басқа бір қосымшаға көшіре алатын технология қолданады. Мұнда 500 белгіден аспайтын жазба, бес минуттық видео жариялауға болады. Қазір қосымша Apple мен Google дүкендерінде бар.

Алайда ғаламтор сыншылары жаңа қосымшаның интерфейсін Twitter-ге ұқсатты. Марк Цукерберг пен Илон Маск арасында дау-дамай туындап, болашақта екі миллиардер арасында бәсеке пайда болатыны да айтылған. «Біз көріп отырғаны-мыздай, Twitter консер-вативті болып келеді. Оның белсенді қолданушылары да жаңа платформа пайда болғанын қалайды. Жаңа желі жақсы альтернатива болуы тиіс», – дейді Forrester компаниясының зерттеу бөлімінің басшысы Майк Пру.

Көп ұзамай Twitter иесі Илон Маск Мета құрылымын соттатамын деп қорқытып, болжам шындыққа айналды. «Бәсекелестіктің болғаны жақсы, ал алаяқтыққа бару дұрыс емес» деп жазды Маск өзінің Twitter-дегі аккаунтында.

Meta сонымен қатар Twitter-ге зияткерлік меншік құқығын берді деп айыпталуда. Маск заңгері оны пайдалануды тоқтатуды талап етті. Әйтпесе компания сотқа жүгінбек ойда. Meta мамандары болса, айыптаудың негізсіз екенін айтып, Threads қосымшасын дайындаған маманның бұрын Twitter-мен жұмыс істемегенін айтты.

Twitter негізін қалаушылардың бірі Джек Дорси де Meta басшысы Марк Цукербергтің жобасын көшірмеге балайды. «Біз ұшатын көліктер туралы армандап едік, бірақ оның орнына жеті бірдей Twitter көшірмесі ғана шықты», – деп әзілдеді кәсіпкер. Сондай-ақ жазбада Threads, Twitter, Mastodon, Bluesky және Not Boring сияқты платформалардың интерфейстері көрсетілген суреттер бар.

Әлемдегі барлық әлеуметтік желілер миллиардтаған аудиторияның жеңіл контентке, видеоға қызығушылығын пайдаланып, адамдардың миын "шайқап" (brain washing) табыс табу үшін жұмыс істейді. Табыс көзі мен алгоритмі өте қарапайым. Жастарды қызықтырып, миллиондаған қолданушы жинайды, әбден танымал болғанда платформаға жарнамалар орнатылып, қыруар қаржы табады. Табыс көзінен айырылып қалмау үшін интернеттегі желілер өте шебер әрі сезімтал адам жанының қызығушылықтарын қолданады, психологиялық манипуляциялар жасайды. Жаңа желіде де бұл дүниелер қайталануы мүмкін және ол уақыт еншісіндегі дүние. Қалай десек те, 48 сағатта 100 миллионнан астам қолданушы жинаған желіден кептің күтері көп.

Айбарша СЫРЛАН



«QURTELLA»: 15 МЫҢ ТЕҢГЕДЕН БАСТАЛҒАН КӘСІП

Ұлттық тағамның дәмі ерекше, көпшілік тарапынан сұранысқа ие болатыны да содан. Өйткені әрбірі ерекше көңілмен дайындалады. Ана қызына, жеңге қайын сіңлісіне, ене келінге әр астың дайындалу әдебін, ретін мұқият үйретіп отырған. Ұлттық тағамдар, соның ішінде сүт өнімдері қашан да маңызға ие, сондай-ақ, қазақты небір аштықтан аман сақтаған. Мәселен, құртты қалай азық өткенін кітаптан оқып-ақ байқаймыз. Қазақ үшін зор мәнге ие құрт өнімі бүгінде кәсіп көзіне айналды. Қызылордалық жас оған жаңа рең сыйлап отыр.

Нұрсұлтан Қалмағамбет химиялық қоспасыз таза табиғи түрлі-түсті құрттың 6 түрін жасауда.

– Кәсіптің барлық түрі ауыл шаруашылығы саласына қатысты. Бірі мал бордақылау болса, енді бірі сүт өнімдері. Сондықтан да мен құрт жасаудың басқа тәсілін меңгердім. Құрт кімге болсын ұнайтыны белгілі, ал түрлі-түсті құртқа сұраныс бөлек. Басқа түстердің ақ түстен ерекшелігі көп, дәмінде де аса бір өзгешелік байқалады. Тіпті түрлі-түсті болған соң көпшілік көңілінен шығуда. Тапсырысты көбіне инстаграм әлеуметтік желісі арқылы қабылдаймыз. Бір-екі рет тапсырыс беріп, тұрақты тұтынушымызға айналғандар бар, – дейді ол.

Кәсіпкер құртты заманауи негізде жасауды көптен бері армандап жүрген. Айтуынша, дайындау үшін бірнеше күн уақыт кетеді. Сүтті құртқа айналдыру үшін бірқатар ереже мен тәртіпті сақтау керек. Мәселен, ақ құрт жасауға шикі сүт керек. Ал оның бұлай аталу себебі оған тұз көбірек қосылады.

– Жалпы, бұл құрт үлкен сұранысқа ие. Шынымды айтсам, жарты жылдай ойдың жетегінде жүрдім. «Қалай болар екен?», «Тұтынушыларға ұнай ма?» деген сауалдар санамды жаулап алды. Дегенмен, ол уайымның барлығы артта қалды. Қазір сатылым жақсы. Құрттарымыз «Qurtella» брендімен шығады, қазіргі таңда күніне 500 келі өндіреміз. Осы кәсіпті 15 мың теңгемен бастағанмын. Сұраныс көбейе түскесін арнайы жабдық сатып алдық. Біздің басты мақсатымыз –ұлттық тағамдарды таныстырып, олардың ерекшелігін, пайдасын жастарға насихаттау, – дейді кәсіпкер.

Жас болса да, үрдісті жаңғыртып, батыл қадамға барған кейіпкеріміздің бастамасы көпті қуантып келеді. Дәмі тіл үйірер дәмнен ауыз тиген тұрғындардан тапсырыс көбейе бастағанда ата кәсіпке деген құштарлық арта түскен. Бүгінде жас кәсіпкердің алдағы мақсаты ісін дөңгелету.

– Бүгінде той-думанда дастарханда құрт пен ірімшік тұрады. Осылайша той ағілері көптеп тапсырыс береді. Құрт өнімі жас талғамайтын бизнес көзі. Мұны жас та, жасамыс та істей алады. Бизнес бастауда ең алдымен өз-өзіңе деген сенім керек, – дейді кәсіпкер.

Мөлдір САБЫРЖАН

АҚУЛДЫЗ - ЖОРАМАЛ

(6 – 13 шілде)

Тоқты
Алдын ала ойластырылмаған, жоспарсыз шығындарға жол бермеңіз. Салдарынан аптаның екінші жартысында қаржылай қиындыққа тап болуыңыз мүмкін. Себебі бұл аптада жұмсаған ақшаның орнын толтыру мүмкіндігі төмен. Көлемді сауда-саттықты кейінге ысыра тұрғаныңыз дұрыс.

Торпақ
Алдағы аптада қолға алған ісіңіздің барлығы оңынан шешіліп, жақсы нәтижеге жеткізетін болады. Апта басында қызметке қатысты мәселелердің шешімін табуға барынша күш салыңыз. Тиімді коммерциялық ұсыныс түсуі мүмкін.

Егіздер
Бұл аптада бойыңыздағы «жауынгер» барынша белсенді. Өзіңіздің дұрыстығыңызды дәлелдеу үшін кіммен болсын айқаса кетуге әзір тұрасыз. Әсіресе қызметке қатысты мәселеде. Алайда өзіңізге ерік беріп, жағымсыз жай тудырсаңыз, соңы жақсы аяқталмайтынын біліңіз. Өзіңізді барынша сабырлы ұстауға тырысыңыз.

Шаян
Басшылықпен жалақыңызды көтеру жайында сөйлесуді бұрыннан жоспарлап келесіз. Бірақ ыңғайлы уақыт болмай жүр ме? Ендеше қамданыңыз, алдағы апта бұл ойыңызды жүзеге асыруға қолайлы. Аптаның барлық күндерінде сәттілік сіздің жағыңызда.

Арыстан
Сізді сырттай ұнатып, бақылап жүрген бір жан қасыңыздан қалмай қоюы мүмкін. Тіпті өзіне көңіл бөлмей, өзгелерге көп уақытыңызды арнайтыныңыз үшін ренішін білдіруі де ықтимал.

Бикеш
Аптаның иығыңызға артар жүгі ауыр болмақ. Жұмыста да, үйде де мойныңызға ілінер міндет көбейеді. Бірін естен шығарып, енді бірін ескермей қалмау үшін жазбаша түрде жоспар жасаңыз. Қойын кітапшаңыз әрдайым жаныңызда болсын.

Таразы
Бір жағдайлардың әсерінен сүйікті адамыңызды мүлдем басқа қырынан көресіз. Бәлкім, оған одан сайын риза бола түсерсіз. Көңіліңізді қалдыруы да мүмкін. Қалай болғанда да оның іс-әрекетіне әділ баға беріңіз.

Сарышаян
Қаражат жинай беріңіз. Осы аптада ерекше әсерге бөлейтін жағымды жаңа оқиғалар орын алады.

Мерген
Бұл апта мергендер үшін ойды жүзеге асыратын уақыт. Кез келген істе, кез келген мәселеде. Айталық, жазғы демалысты жоспарлауды бастаған болсаңыз, оған керекті біраз шараны осы аптада тындырыңыз.

Тауешкі
Алдағы жұмада жұмысыңызға барынша мұқият болыңыз. Бұл күндері сізде қателікке жол беру, құжаттарды жоғалту мүмкіндігі жоғары. Бұл жайлы басшылыққа жеткізуге асық бәсекелестер де жақын жерден табыла кетеді.

Суқұйғыш
Келер апта сізге барынша өнімділік пен нәтиже алып келмек. Жыл басынан бері созбақталып келе жатқан мәселелерді шешуге, қолыңыз бармай жүрген тұрмыстық шараларды аяқтауға мүмкіндігіңіз бар.

Балықтар
Жұлдыздар сізге бұл аптада маңызды іс бастамауға, құжаттарға қол қоюды келесі жетіге қалдыруға кеңес береді. Апта бойы ашушаңдық шырмауында жүресіз. Салдарынан өзіңізге ие болмай, артық сөз айтып, жақындарыңызды ренжітіп алуыңыз мүмкін. Өзіңізді сабырға шақырып, байсалды болуға тырысыңыз.

Кезекші редактор: З.ҚОНЫСЖАН

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген.
«Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Таралымы: 6931
Тапсырыс: 1092